

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш. УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



«EDU.E-HISTORY.KZ» ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



№3 (31) шілде-қыркүйек 2022

ISSN 2710-3994



Бас редактор:

Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы

Редакциялық алқа:

Абашиин Сергей Николаевич – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербургтегі Европа университеті (Ресей)

Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қызғыз мемлекеттік университетінің ректоры. (Қырғызстан)

Аяган Бүркітбай Фелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан)

Әлімбай Нұрсан – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры. (Қазақстан)

Әбусейтова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының «Тарихи материалдарды зерттеу» орталығының директоры. (Қазақстан)

Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)

Голден Кэтті Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ)

Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)

Қожамжарова Дария Пернешқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)

Кожирова Светлана Басиевна – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Қазақстан)

Козодой Виктор Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор. (Ресей)

Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)

Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қыпшақтану институтының директоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Матыжанов Кенжехан Ісләмжанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)

Муртазаева Рахборхон Хамидқызы – тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті «Өзбекстан тарихы» кафедрасының профессоры. (Өзбекстан)

Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – PhD доктор, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми қызметкері. (Польша)

Римантас Желвис (Želvyus Rimantas) – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва)

Самашев Зайнолла Самашұлы – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)

Сайлан Болат Санабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)

Сыдықов Ерлан Бәттайұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)

Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

Жауапты редактор:

Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы

Ғылыми редактор:

Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

Редактор:

Кубеев Рустем Жаулыбайұлы

Жауапты хатшы:

Раушан Жәліқызы

Техникалық хатшы:

Хумарзах Алтынбек

Главный редактор:
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия:

Абашин Сергей Николаевич – доктор исторических наук, профессор, Европейский университет в Санкт-Петербурге (Россия)

Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева (Кыргызстан)

Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан)

Абусейтова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Казахстан)

Абиль Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)

Аязан Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)

Голден Кэтти Стромил (Kathie Stromile Golden) – PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University) (США)

Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)

Карибаев Берекет Бахытжанович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)

Кожамжарова Дария Пернешовна – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М.Ауэзова (Казахстан)

Кожирова Светлана Басиевна – доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан)

Козодой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор (Россия)

Кокебаева Гульжаухар Какеновна – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова КН МОН РК (Казахстан)

Кумеков Болат Ешмухамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)

Матыжанов Кенжехан Слямжанович – доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)

Муртазаева Рахборхон Хамидовна – доктор исторических наук, профессор кафедры «Истории Узбекистана» Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека. (Узбекистан)

Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – доктор PhD, профессор, главный специалист научного отдела Музея Второй мировой войны г. Гданьска (Польша)

Римантас Желвис (Želvyys Rimantas) – доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет (Литва)

Самашев Зайнолла Самашевич – археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А.Маргулана КН МОН РК (Казахстан)

Сайлан Болат Санабаевич – доктор исторических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)

Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)

Таймагамбетов Жакен Кожакметович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК (Казахстан)

Ответственный редактор:
Каипбаева Айнагуль Толганбаевна

Научный редактор:
Козыбаева Махаббат Маликовна

Редактор:
Кубеев Рустан Джаулыбайулы

Ответственный секретарь:

Раушан Жәліқызы

Технический секретарь:

Хумарзах Алтынбек

Editor-In-Chief:

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

Members of editorial board:

Abashin Sergei Nikolaevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, European University at St. Petersburg (Russia)

Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Rector of I. Arabaev Kyrgyz State University (Kyrgyzstan)

Alimbay Nursan – Candidate of Historical Sciences, Professor, Director of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Abusseitova Meruert Khuatovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials at R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Kazakhstan)

Abil Yerkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Ayagan Burkitbai Gelmanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Golden Kathie Stromile – PhD, Mississippi Valley State University (USA)

Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan)

Karibayev Bereket Bakhytzhonovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Kozhamzharova Daria Perneshovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan)

Kozhirova Svetlana Bassieva – Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan)

Kozodoi Viktor Ivanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)

Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MES RK (Kazakhstan)

Kumekov Bolat Eshmukhambetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Matyzhanov Kenzhekhan Slyamzhanovich – Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan)

Morrison Alexander – PhD, Professor, University of Oxford (UK)

Murtazayeva Rakhborkhon Khamidovna – doctor of Historical Sciences, Professor at the Department of «History of Uzbekistan» of Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan. (Uzbekistan)

Panto Dmitri – PhD, researcher at the Museum of the Second World War in Gdansk (Poland)

Rimantas Želvys – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania)

Samashev Zainolla Samashevich – archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology CS MES RK (Kazakhstan)

Sailan Bolat Sanabayevich – Doctor of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Sydykov Erlan Battashevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Executive Editor:

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna

Scientific Editor:

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

Editor:

Kubeyev Rustem Dzhaulybayevich

Executive Secretary

Raushan Zhalikyzy

Technical secretary:

Khumarzak Altynbek

https://doi.org/10.51943/2710-3994_2022_31_3_98-111

FTAMP 03.20.00

1967 ЖЫЛҒЫ ШЫМКЕНТ КӨТЕРІЛІСІ

Г.К. Көкебаева¹  С.Қ. Шілдебай^{2*} , Е.И. Стамшалов¹ 

¹Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Қазақстан, Алматы;

²Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінің директоры, Қазақстан, Алматы.

*Автор-корреспондент

E-mail: E-mail: kokebayeva@gmail.com (Көкебаева), S.Shildebai@mail.ru (Шілдебай), kun2013@mail.ru (Стамшалов).

Аңдатпа. Кеңестік Қазақстанның Шымкент қаласында орын алған оқыс оқиға Л.И. Брежнев билік еткен дәуірдегі ең ірі бас көтерулердің бірінен саналады. 1967 жылдың 13-14 маусымы аралығында болған Шымкент көтерілісі астарында әлеуметтік себептер жатты. Тоталитарлық билік барынша жасырып-жапқан Шымкенттегі жаппай тәртіпсіздіктердің тууына халық пен құқық қорғау органдары қызметкерлері арасындағы қарама-қайшылықтың шиеленісуі, оңтүстіктегі ірі қалада түрме, түзету мекемелерінің, қылмыстың, сотталушылар санының артып кетуі түрткі болды. Кеңестік жазалау аппараты жаппай тәртіпсіздікте белсенділік танытқандарды аяусыз жазалап, міндеттерін тастап қашқан милиция қызметкерлерін де тазартты.

Түйін сөздер: Шымкент көтерілісі, қоғамдық тәртіп сақтау басқармасы, жаппай тәртіпсіздіктер, тергеу изоляторына шабуыл, көтеріліске қатысушылар, сот процесі материалдары.

МРНТИ 03.20.00

ЧИМКЕНТСКОЕ ВОССТАНИЕ 1967 ГОДА

Г.К. Кокебаева¹ С.К. Шилдебай^{2*}, Е.И. Стамшалов¹

¹Институт истории и этнологии им Ч.Ч. Валиханова, Казахстан, Алматы;

²Центральный Государственный архив РК, Казахстан, Алматы.

*Корреспондирующий автор

E-mail: kokebayeva@gmail.com (Кокебаева), S.Shildebai@mail.ru (Шилдебай), kun2013@mail.ru (Стамшалов).

Аннотация. Массовые выступления рабочих произошедший в Советском Казахстане в городе Шымкенте, считается одним из крупнейших в эпоху правления Л.И. Брежнева. Предпосылками Чимкентского восстание, которое произошло с 13 по 14 июня 1967 года, служило социальные причины. Поводом для массовых беспорядков в Шымкенте, которые тоталитарная власть всячески скрывала, стало обострение противостояния между населением и сотрудниками правоохранительных органов, рост числа тюремных, исправительных учреждений, преступлений, осужденных в этом крупном городе на юге Казахстана. Советский карательный аппарат безжалостно наказывал тех, кто проявлял активность в массовых беспорядках, а также очищал сотрудников милиции, сбежавших бросив свою работу.

Ключевые слова: Шымкентское восстание, управление охраны общественного порядка, массовые беспорядки, нападение на следственный изолятор, участники восстания, материалы судебного процесса.

IRSTI 03.20.00

SHYMKENT UPRISING OF 1967

G.K. Kokebayeva¹, S.K. Shildebai^{2*}, E.I. Stamshalov¹

¹Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology, Kazakhstan, Almaty;

²Central State Archive of the Republic of Kazakhstan, Kazakhstan, Almaty.

*Corresponding author

E-mail: kokebayeva@gmail.com (Kokebayeva), S.Shildebai@mail.ru (Shildebai), kun2013@mail.ru (Stamshalov).

Abstract. The mass demonstrations of workers that took place in the Soviet Kazakhstan in the city of Shymkent, is considered one of the largest during the reign of Leonid Brezhnev. The prerequisites of the Shymkent uprising, which took place from June 13 to June 14, 1967, were social reasons. The reason for the mass riots in Shymkent, which the totalitarian government hid in every possible way, was the aggravation of the confrontation between the population and law enforcement officers, the increase in the number of prisons, correctional institutions, crimes convicted in this large city in the south of Kazakhstan. The Soviet punitive apparatus ruthlessly punished those who were active in mass riots, as well as purged police officers who had escaped by abandoning their work.

Key words: Shymkent uprising, department of public order protection, mass riots, attack on the detention center, participants of the uprising, materials of the trial.

Кіріспе. Кеңес өкіметі үстемдік еткен жылдары әлеуметтік себептерден туған барлық қақтығыстарды жасыруға күш салынды. Соғыстан кейінгі 50-60 жылдарда орын алған әлеуметтік қақтығыстардың ішінде басқа да бас көтерулер сияқты Шымкент көтерілісі де қазірге дейін тиянақты зерттеуді күтуде. 1967 жылы 13-15 маусым күндері Шымкент қаласында халықтың милицияға қарсы көтерілісі бүрқ ете қалды. Бұл оқыс оқиға Л.И. Брежнев билігі кезіндегі ең ірі бүліктің бірі болды. Отандық тарихшылар алдында осы қақтығыстардың тарихы мен себептерін зерттеу, шетелдік, қазақстандық, соның ішінде аймақтық және әлеуетті құрылымдардың қорларынан архивтік деректердің үлкен массивін ғылыми айналымға енгізу міндеті тұр. Кеңестік кезеңде Қазақстанда орын алған әлеуметтік және этносаралық қақтығыстар тарихын зерттеу ісінде шешімін күткен методологиялық мәселелер де бар. 1967 жылдың маусым айында Шымкентте бүрқ ете қалған Шымкент көтерілісі сияқты әлеуметтік негіздегі жаппай тәртіпсіздіктің кеңестік билік тарапынан бағалануы, тарихи оқиғалардың халық жадындағы бейнесі, тарихнамасы, қақтығыстар тарихын зерттеу әдістемесі мен әдістерін саралау өзектілігін сақтап отыр.

Материалдар мен әдістер. Кеңестік Қазақстанның тарихына қатысты әлі айналымға енгізілмеген архив құжаттары, зерттеу еңбектер, түрлі естеліктер ғылыми мақаланың деректік базасын құрады. Кеңестік әлеуметтік-экономикалық саясатқа қарсы бас көтерулердің бірі ретінде сипатталатын Шымкент көтерілісінің тарихын зерттеу нысанын анықтау үшін ғылыми деректер мен түйінделген фактілер гуманитарлық ғылымдар саласында пайдаланылатын салыстыру, болжам жасау, сараптау әдістері арқылы тұжырым жасалды. Ғылыми зерттеуде түрлі топтардың бет-бейнесін тиянақты сипаттау үшін әлеуметтік тарих әдістемесінің құралдары пайдаланылды. Жалпы алғанда мақаланы зерттеу үшін методологиялық плюрализм пайдаланылды.

Талқылау. Екінші дүниеүзілік соғыстан кейін тізбектеле орын алған түрлі бас көтерулер, көтерілістер тарихы кеңестік тарихнамада ақтаңдақ сипатында болды. Қатысушылар мен олардың ұрпағының, жалпы халықтың арасындағы ауызекі әңгімеде болмаса, 1967 жылғы Шымкент көтерілісі туралы арнайы зерттеу жасалмады. Шетелдік тарихнамада ақпараттық мәнде аталып өткенімен, деректік тапшылықтың салдарынан бұл тақырып зерттелмеді. Тек Кеңестер Одағы тарағаннан соң БАҚ-та Шымкент көтерілісі сөз бола бастады. Мұндай жарияланымдардың кейбірінде Шымкент көтерілісі жай аталып өтсе (Мартов, 2019:35), оқиға арқау болған басқа БАҚ

материалдарында дерек көздерге сілтеме жасалмай, бас көтерудің барысы үзік-үзік сипатталды. (Аубакиров, 1967; Доброта, 2018; Шемратов, 2010).

1967 жылғы Шымкент көтерілісінің тарихы кеңестік кезеңдегі жаппай бас көтерулер бойынша тиянақты зерттеу жасаған тарихшы В.А. Козловтың еңбектерінде де аталып өтілді (Козлов, 2006; Козлов, 2009). В.А. Козловтың зерттеулерінде Шымкент көтерілісіне қатысты жалпылама мағлұмат берілген. Тарихшы: «Шымкенттегі тәртіпсіздіктер Брежневтің билігі кезеңіндегі ең ірі бас көтеру болды», - деген баға береді (Козлов, 2009: 519-520). Шымкент көтерілісі аталып өткен жарияланымдарда жергілікті архив деректері пайдаланылмады. Шымкент көтерілісі оқиғаға қатысушылардың естеліктерінде де сөз болады. 1962-1972 жылдары КОКП Шымкент облыстық комитетінің 1-хатшысы қызметін атқарған В.А. Ливенцов өз естелігінде Шымкент көтерілісіне тоқталып өткен. Оқиғаға байланысты кейінгі кездегі көзқарастарымен бөліскен партиялық функционер Шымкент көтерілісінің себептеріне қатысты субъективті пікірлеріне орын берген (Ливенцов, 1999). Ұсынылып отырғаны ғылыми мақаланың негізгі дерек көзі Түркістан облыстық мемлекеттік архиві (бұдан әрі – ТОМА) және Түркістан облыстық қоғамдық-саяси архиві (ТОҚСТМА) бұрын жарық көрмеген материалдары құрады. ТОМА-ның 217-қорында сақталған Шымкент көтерілісіне қатысушылардың қылмыстық істері оқиғаның эволюциясын, себеп-салдарын тиянақты саралауға бағалы мәліметтер береді. Ал ТОҚСТМА-ның № 11 Қазақстан Компартиясының Шымкент қалалық комитеті қоры, № 40 Қазақстан компартиясының Шымкент облыстық комитеті қоры материалдары негізінде партиялық басшылықтың Шымкент көтерілісіне берген бағасы, көтерілістен кейінгі түрлі жазалау шаралары талданды. Сонымен қатар мақаланы жазу барысында Ресей мемлекеттік қазіргі заман архиві (бұдан әрі-РМҚЗА) деректері де пайдаланылды.

Зерттеу нәтижелері: 1967 жылы 13-15 маусым күндері Шымкент қаласында тұрғындардың милицияға қарсы көтерілісі бүрк ете қалды. Бұл оқыс оқиға Л.И. Брежнев билік еткен дәуірдегі ең ірі бас көтерулердің бірінен саналады.

Шымкент оқиғасы қарсаңында КСРО бойынша қылмыстық оқиғалардың өршіп кеткені байқалған. 1967 жылдың 22 наурызында КСРО қоғамдық тәртіпті сақтау министрі Н.А. Щелоковтың КОКП Орталық Комитетіне жолдаған хатында КСРО аумағында 1966 жылы 888 мың қылмыс тіркеліп, мұның өзі 1965 жылдан 18 %-ға көп екені көрсетіліп, дабыл қағылады. Хатта, әсіресе қылмыстық құқық бұзушылық 24,6%-ға өсіп, 640 мың оқиғаны құрағаны баяндалған. Қылмыс саны тым қатты өсіп кеткен аймақтар қатарында Қазақстан да аталады. Н.А. Щелоковтің мәліметінше, Қазақстандағы қылмыс 1965 жылғыға қарағанда 35,6%-ға өскен. Қылмыс мөлшері Өзбекстан бойынша 27,9%-ға, Белоруссия бойынша 30,3%-ға, РСФСР бойынша 27,1%-ға өскенін ескерсек, Қазақстан көрсеткіші бәрінен де жоғары болған. Қоғамдық тәртіпті сақтау министрінің мәліметіне қарағанда 1966 жылы КСРО-дағы әрбір 10 мың халыққа 28 қылмыстан келген (Секретариат ЦК КПСС, 2020:304). Н.А. Щелоковтың бұл хатын А.П. Кириленконың төрағалығымен талқылаған КОКП Хатшылығы «хат мазмұны ақпараттық сипатта екенін, онда қорытындылар мен тиісті жалпылама тоқтамдар көрсетілмегендіктен, оны таратудың қажеті жоқ», - деген шешім қабылдайды (Секретариат ЦК КПСС, 2020:153).

КОКП Бас хатшылығына Л.И.Брежнев келген кезеңдегі Қазақстандағы саяси көңіл-күйдің «жайсыздығы» КСРО МҚК тарапынан да айтыла бастады. 1965 жылдың 23 желтоқсанында КОКП ОК-не жолданған күпия хатта «республика аумағында студенттер мен интеллигенция арасында ұлтшылдық оқиғалары орын алғаны» баяндалады. Хат мазмұнына зер салсақ, арнайы органдар ұлтшылдықпен бірге шовинистік пиғылдардың туындағанын көрсеткен. Алматы тұрғыны И.М. Скобельскийдің шовинистік мазмұндағы домалақ хаттар тарататыны айтылады. Бұдан өзге Қазақ ССР ауыл шаруашылық министрлігі басқарма бастығының орынбасары А.Е. Бектасов қазақ үкіметі мен партия басшылығына елдегі шовинистік пиғылдың өршіп кеткенін көрсетіп, ұлтшылдық көріністерінің тек «қорғанушылық» сипатта екенін ашық хат түрінде жолдаған. КСРО МҚК төрағасы В. Семичастный қол қойған хатта қазақ интеллигенциясының Қазақстандағы іс жүргізу мен барлық жоғары оқу орындары мен мектептердің көбінде білім берудің орыс тілінде жүргізілетініне, аймақтағы билік орындарында орыс ұлты өкілдерінің тым көптігіне наразылық пісіп-жетіліп келе жатқаны баяндалған (РМҚЗА, 89:2).

Шымкент ол кезде 100 мыңнан астам тұрғыны бар өндірістік қала еді. Қала жазасын өтеу мерзімінің соңында Ішкі істер комендатурасы бақылауымен еркін өндірістік кәсіпорында жұмыс істейтіндер, бұрын қылмыстық жауапкершілікке тартылып, сотталғандар көп болды. Шымкенттегі адам көп шоғырланған ірі базар қаланың бет-бейнесіне айналып, қалада алыпсатарлық, ұрлық өршіп, тіпті есірткі заттарына дейін сату орын алады. Милиционерлердің көпшілігі қылмыспен күресудің орнына, олармен бірге ақша табуға жақын тұрған. «Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің қолға алған шаралары базарларда шиеленіс туғызғанын», «Милиционерлердің өздерінің қолы таза еместігі, олардың алым жинайтыны туралы сыбыс желдей есіп» кеткені сол кездегі облыс басшысы В.А. Ливенцовтың естелігінде де айтылады (Ливенцов, 1999:208).

1967 жылғы маусымның 12-сінен 13-іне қараған түнде, сағат 01.00. шамасында көшеде мас күйінде жатқан жерінен автопарктің жүргізушісі, 1938 жылы туған В.Я. Остроухов айықтырғышқа жеткізіледі. Таңғы сағат 6.00 шамасында жасалған тексеріс кезінде оның өліп қалғаны анықталады. Мәйітті ашқан облыстық сот-дәрігерлік сарапшы В.И. Нестеров ажал себебі ретінде гипертония сырқатына қатты мастық қосылып, миына қан құйылған деген қорытынды жасайды (ТОМА, 894:15). Мұндай қорытындыны айықтырғыш қызметкерлерінің түсініктемелері қуаттайды. Арнайы жауап алынған айықтырғыш мекемесінің кезекші инспекторы Қадырқұл Құралбаев мұнда әкелінген Остроуховтың өз аяғымен жүріп-тұрғанын, киімдерін өзі шешкенін куәландырған. Түнгі 3-тер шамасында оянған В. Остроухов далаға шығаруды талап еткен. Кезекші фельдшер сөйлескеннен кейін қайта демалған В. Остроуховтың денесі жансыз жатқаны таңғы 5-тер шамасында анықталған (ТОМА,894:12-14). В. Остроуховпен соңғы әңгімелескен фельдшер Г.Р. Жированың да түсініктемесі осы нұсқаны қуаттайды (ТОМА,894:20). 14 маусымда ҚазССР денсаулық сақтау министрлігі сот-медицина сарапшылары С.М. Сидоров пен О.И. Макарьян жасаған мәйітті қайта сот-медицина зерттеуі Остроуховтың өлімі жабық түрде алынған бас-ми соққысынан болған, соққы қатты затпен марқұмның оң жақ желке-мойын жағынан жасалғанын, тексеріс кезінде гипертониялық ауруға дәлел боларлық көрсеткіштер тіркелмегенін көрсетеді. Алдыңғы медициналық сарапшы В.И. Нестеровтың негізгі диагнозын қуаттаған қайта зерттеу марқұмның гипертониялық ауруы туралы түйінді тек қосымша зерттеулер арқылы жасауға болатынын ескерткен (ТОМА,894:32-34). Осылайша, В. Остроуховтың өлімінің себебі туралы екінші нұсқа пайда болады. Осы нұсқа жергілікті БАҚ бетінде жарияланды (Южный Казахстан, 123).

В. Остроуховтың өлімінің себебі саналған екінші нұсқа да негізсіз емес еді. Архив құжаттарында В. Остроухов өліміне кінәлі ретінде ұсталған Спабек Сыздықовтан 13 маусымда-ақ жауап алынғаны расталады. Остроуховтың мас күйінде жатқанын милицияға хабарлаған С. Сыздықовтың өзі болған (ТОМА,894:4). (894-іс, Спабек Сыздықовтың соттағы жауабы бойынша оқиға былай өрбіген. «1967 жылы кешкі ондар шамасында жолдас баламның үйінен қайтып оралып келе жаттым. Өз үйімнің кіреберісіне енген кезімде іштен бір мас еркек шығып келе жатып маған: «Неге айқайлайсың?» - деді. Менің қасымда ешкім болған жоқ. Мен мас кісімен сөз таластырмадым. Қолымды көтеріп, қалжыңдап: «Берілем» - дедім де, ауланың бұрышындағы беседкаға қарай ығыстым... Ол орындықта Колесников Юрий, Девольд В., Бабаханов Б. сияқты 3 бала отырды. Мен мас кісіге таяп келіп, «Пышақты бер!» - дедім. .. Бірнеше мәрте сұрағаныммен мас кісі пышақты бермеген соң, мен самбо тәсіліне салып, оның қолынан пышағын алып алдым. Ол бірден баспалдақпен жоғары көтеріліп кетті. Мен және қасымдағы балалар оның қайда баратынын білу үшін бірге көтерілдік. Мас кісі алдымен біздің пәтердің қоңырауын басып тұрды. Мен оған таяп келіп, «Кет, бұл жерден!» - дедім. Ол менің сөзіме мән бермеді. Сол кезде мен оны сол жағынан жұдырықпен ұрдым. Ер адам басымен 4-қабатқа апаратын баспалдақ табалдырығына құлады. Мен өз пәтерімнің есігіне қоңырау шалып, «Камал, есікті аш, бұл менмін!» - дедім. Камал есікті ашқанда, мен жаңағы ер адамның қозғалыссыз жатқанын көрдім. Бір аяғының туфлиі шешілген екен, оны кигіздім. Бәріміз оны аяқ-қолынан көтеріп, сыртқа аулаға шығардық. Ер адам қозғалыссыз жатқан соң, мен оған қолдан тыныстандыру жаттығуын жасадым. Содан кейін оны беседкаға апарып жатқыздық. Осы кезде беседкаға менің әкем мен шешем келді. Мен олардың үйге бара беруін сұрадым да, өзім де үйге беттедім. Баспалдақпен көтеріліп келе жатып, коридор жарығынан аяғымның жарақаттанғанын

көрдім. Мен айықтырғышқа телефон соғып, мас кісіні алып кетуін сұрамақ болдым. 02 нөміріне соққанымда маған №1 милиция бөлімшесіне соғу керектігін айтты. Мен милиция күзетін шақыруды дұрыс көрдім...» Оқиғалардың ары қарай өрбуі С. Сыздықовтың жеке тұлғасын сипаттайды. Остроуховтың қалтасында конфет, ақшасы бар екенін байқаған ауладағы балалар ақшаны бөліп алуды ұсынғанымен, Сыздықов ақшадан басқа заттарды, Остроуховтың бөкісін милиционерлерге өз қолымен тапсырған. Сот мәжілісінде С. Сыздықов В. Остроуховтың қалтасынан алған 9 сомды өзара бөлісіп алғандарын мойындаған (ТОМА, 894:320(a), 321, 321 (a), 322, 322 (a)). Спабек Сыздықовтың өзі 1948 жылы Ташкент облысы Жоғары Шыршық ауданының Калинин атындағы колхозында туған, Шымкенттегі Титов атындағы мектептің кешкі бөлімінде 11-сыныбында бітірген. Спабек Сыздықовты Шымкент көтерілісіне негізгі себеп болғаны туралы нұсқа жан-жақты қуатталды. Кеңестік заңдылық жүйесінің ерекшелігіне сай сот процесінің қоғамдық айыптаушы мәртебесіндегі қатысушысы болған. С. Сыздықовтың сотында қоғамдық айыптаушы ретінде сөз алған КОКП мүшесі, Шымкент қоғасын заводы комсомол комитетінің хатшысы В.И. Борисов алдымен социалистік құрылыс туралы коммунистік рухта кіріспе сөз сөйлеген. Өз сөзінде соңғы он жылда Солтүстік Қазақстан, Сібір және Қиыр Шығыстағы екпінді құрылыстарға комсомолдық жолдамамен жастар барып жатқанын, 600 мыңнан астам жастың бұрын ешкім қоныстанбаған иен жатқан жерлерге табан тірегенін тізіп өткен (ТОМА,894:446). Ол: «Қаламыздың жастары мен комсомолдарының еркін білдіре отырып, Спабек Сыздықовты ешбір кінәсі жоқ азамат Остроуховты қасақана өлтіргені, тонағаны бойынша бұл процесте бұл жиіркенішті қылмыстың осы жылдың 13 маусымындағы ауыр зардаптарға соқтырған кейбір санасы төмен жастар мен жасөспірімдер қатысқан жаппай тәртіпсіздіктерге себеп болғанына ашу-ызаға толы наразылығымды білдіргім келеді. Қанекей, зейін қойып қылмыскердің, оның сыбайластарының кім екеніне қарайықшы! Олар кімдер? Өздері қайдан шыққан?» - дейді (ТОМА,894:347). Ары қарай: «Біздің алдымызда Спабек Сыздықов отыр. Оның жасы 19-да, мектеп-интернатта 11 сыныбын бітірген соң бір жарым жыл еш жерде жұмыс істемей, оқымай, өзінің масылдық өмір ғұрпын «шешеме шаруашылық бойынша көмектестім» - деп бүркеп келген. Біздің алдымызда өмірінде ешқашан қоғамға пайдалы іспен айналыспаған, айналысуды қаламайтын нағыз арамтамақ түр.» Ары қарай қоғамдық айыптаушы лирикалық тебіреніспен жасөспірімдердің шектен тыс қатыгездігін сөз қылады да, соттан айыпталушыны барынша қатаң жазалауды сұрайды.

Әрине, партиялық функционердің сөзі өз заманындағы тоталитарлық өктемдіктің табын білдіреді. Спабек Сыздықов тұлғасын сипаттағанда оны көшенің бұзақы жастарының қатарына апарып қосуға ұмтылыс байқалады. Ал шындығында іс құжаттарында айыпталушының әкесі Манап Сыздықов облыстық қаржы бөлімінің қызметкері екені, оның қалыпты жанұяда тәрбиеленгені көрсетілген. Бұдан бөлек, С. Сыздықов шоферлық курста оқыған оқу комбинаты берген анықтамада оның 1966 жылдың 18 қазаны мен 1967 жылдың 9 наурызына дейін осында оқығаны, емтиханды «жақсы» бағаға тапсырғаны көрсетілген (ТОМА, 894:396). Шымкент қаласының №12 мектебін бітіру аттестатында да, Спабектің мінез-құлқы «өте жақсы» бағаланған (ТОМА, 894:399). Шымкент облыстық сотының қылмыстық істер сот алқасы «қоғамдық тапсырысты» асыра орындады десе де болады. Шымкент облыстық соты төрағасының орынбасары И.Р. Батыршаев төрағалық етіп, халық заседательдері Д.Е. Котова және Ж. Азыкенова қатысқан сот құрамы Спабек Сыздықовты ату жазасына кеседі (ТОМА,894:352-357). Жергілікті газетке «Кісі өлтіруші жазаланды (Сот залынан) деген хабарлама жарық көрді (Южный Казахстан,137). Хабарламада: «Сот үкімі залдағы қатысушылар тарапынан қолдауға ие болды» - делінген. Осылайша, бақытсыз жағдаймен өмірі бүлінген қазақ жігітінің тағдыры тоталитарлық үгіт пен күштеу машинасының табанында жаншылды. С. Сыздықовқа шығарылған үкімге байланысты оның адвокаты Адольф Эммануилович Смолкиннің кассациялық шағымы жас жігіттің тағдырын күйреткен әділетсіздік топанындағы жалғыз арашашы болғанын айту керек. Кассациялық шағым кеңестік үгіт машинасы мен күштеу орындары сомдаған жәбірленуші В. Остроуховтың «бейкүнә құрбан» портретіне бірқатар өзгерістер енгізеді. Шағымда жәбірленуші В. Остроуховтың қолында пышағы бар болғаны, сол қаруымен сотталушы С. Сыздықов соңғы он жыл бойына тұрып жатқан үйіне кіруі, оның пәтеріне кіруге талпынуы,

Сыздықовтың оны ұруы, марқұмның қолын арт жағына түсіруін ұрмақ ниеті деп түсініп қалғандығынан болғанын, В. Остроуховтан тоналған заттардың тек 9 сомын ғана балалар алғаны, басқаларын милиция қызметкерлері өздері алып қойғаны тәптіштеліп көрсетілген. В. Остроуховпен оның пышағын алу үшін жағаласа кеткенде С. Сыздықовтың тізесінен жарақат алғаны да назардан тыс қалмаған. Адвокат көрсетілген жағдайлардың С. Сыздықовтың В. Остроуховты өлтіру ниеті болмағанын дәлелдейтініне назар аударып, аталған қылмыс абайсызда кісі өлтіру бабы бойынша жіктелуі керектігін алға тартады. Адвокат сот тәжірибесіндегі осыған ұқсас Самсонниковтың ісіне сілтеме жасаған (ТОМА,894:381-386). Шымкент оқиғасына қатысты қоғамдағы дақпырт біршама саябыр тапқаннан кейін осы жылдың 9 тамызында сотталушы мен адвокатының кассациялық шағымын қараған Қазақ ССР Жоғарғы Соты қылмыстық істер алқасы шағымданушылардың уәждерімен келісіп, С. Сыздықовтан ату жазасын алып тастап, 8 жылға бас еркінен айыруға үкім етеді (ТОМА,894:400-405).

12 маусымда болған жағдай Остроухов жұмыс істеген автоколоннаға хабарланады. Ауызекі нұсқа бойынша автопарк парткомының хатшысы мен Остроуховтың жесірі айықтырғышқа келгенде, мәйіттің денесінен ұрып-соғудың іздерін көреді. Олар қатты мастықтан басына қан құйылып өлді деген ресми қорытындымен келіспейді. Қала жүргізушілері арасына бұл хабар лезде тарап, жүргізушілер ақша талап ету барысында милиция ұрып өлтірді деген қорытынды жасайды. Осы күні кешке арнайы шақыртумен Алматыдан жедел ұшып келген сарапшы, профессор С.М. Сидоров та алдыңғы қорытындымен келісіп, мәйіттің денесінде соққы іздерінің бар екенін айғақтады. Бұл қорытынды қаладағы автопарктердің барлық жүргізушілеріне жетеді. Шымкентте 3 автобаза – жүк автоколоннасы, такси және автобус паркі қатар орналасқан еді. Жүргізушілер милициямен кездесіп, шындыққа көз жеткізбекші болады. Автопарк парткомы мұны ұйымдасқан тәртіппен жүргізуге тырысып, тіпті қалалық парткомға ескертеді. Қалалық партком комсомол дружиналарын жасақтап, қауіпсіздік үшін қалалық милиция ғимаратына солдат жіберуді тапсырады. 13 маусым күні түске қарай қаладағы барлық жүргізушілер көліктерінің басын «Көлдегі» қалалық милицияға қарай бұрады. Олар қолдарына монтировкалар алып, «Көлдегі» қоғамдық тәртіпті сақтау басқармасының алдына жинала бастайды.

Шымкент көтерілісінің бұдан арғы өрбуін оған қатысушылардың қылмыстық істері бойынша баяндап көрейік. Остроухов жұмыс істеген автобус паркінің директоры 1932 жылы туған Ағабек Әлжанов 13 маусым күні жұмысқа келгенінде хатшысынан айықтырғышта парктің жүргізушісінің қайтыс болғанын естігенін көрсеткен. А. Әлжанов бірден айықтырғышқа барған. Болған жайды айықтырғыш бастығынан естіген ол моргке барып, ондағы Остроуховтың мәйітін көзімен көріп, оның денесіндегі жарақаттарды байқаған. Қайтадан автопаркке келген А. Әлжанов мекеменің бас инженері бастаған қызметкерлер қаумалап, Остроуховтың өлімінің себебін сұраған. Селиверстев, Ракитин сияқты жүргізушілер наразылықтарын білдірген. А. Әлжанов телефон соққан автотрест бастығы Примаков бірден автопаркке келіп, наразылардың көбейіп келе жатқанын байқаған. Осы мәселемен қалалық пария комитетінің 3-хатшысы Шаланың қабылдауында болған трест, автопарк басшылары қайтадан автопаркке келіп, партия мүшелерін жеке жинаған. Жиналғандардың ішінде Әзімжан Мамедов жұртшылықтың Остроуховқа қайтадан экспертиза жасауды талап етіп жатқанын айтқан. Жиналғандар алдына келген облыстық партия комитетінің өнеркәсіп жөніндегі хатшысы Попов, облыстық атқару комитеті төрағасының 1-орынбасары Бердалиндер сөйлеген. Ә. Мамедов жиналғандардың талабының орынды екенін айтқан. Автопарк, трест басшыларының автобустарды аулаға кіргізу туралы талаптарын жиналғандар орындаудан бас тартады (ТОМА,833:27-32). Көтеріліс бастаушылардың бірі И.И. Гринтер №1 автопарктің қақпасына құлып салып, жүргізушілердің жұмысқа шығуына кедергі келтірген. Остроухов жұмыс істеген Шымкенттегі №1 автопарктің жүргізушілері Гинтер, Жуков, Саблин, Казарин, Рахматуллаев Шымкент көтерілісінің бастаушылары ретінде танылған. Бұл тізімде Ә. Мамедов та бар. Сот үкімінде Ә. Мамедовтың: «Остроуховты милицияда өлтірген, біз жұмысқа шықпаймыз» - дегені, басқа да автопарк қызметкерлерін жұмысқа шықпауға үгіттегені көрсетілген. Ә. Мамедов Қаз ССР Қылмыстық кодексінің 65 бабы бойынша 5 жылға бас бостандығынан айрылды. Қаз ССР Жоғары соты қылмыстық істер алқасы бұл үкімді өзгеріссіз қалдырған.

Шымкент оқиғасына қатысты жауапкершілікке тартылғандардың ішінде белгілі бір кәсібі жоқ жеке тұлғалар да бар. Олардың ішінде милиция мотоциклін аударғаны үшін істі болған 1950 жылы туған Асылбек Бөлекбаев жауапкершілікке тартылған. Сот үкімінде А. Бөлекбаевтың В. Смыков, Опущенниковтармен бірге облыстық милиция бөлімінің ғимаратын шабуылдауға қатысқаны баяндалған. Милиция бөлімі ғимаратына шабуыл сағат күндізгі 15.30-да басталған. Кешкі сағат 19-да көтерілісшілер тергеу изоляторын қоршауға алады. Көтерілісшілердің арасында бұрын істі болған, сотталғандардың көп болып, олар өздеріне жеккөрінішті болған милиция қызметкерлеріне тап берген. Атап айтқанда, А. Бөлекбаев жақтастары Отпущенников, Смыков (бұрын сотталған), Ахмадуллиндерге (бұрын сотталған) өзі танитын милиционерлер Қани Нұсқабаев, Сүлейменовтарды өкшелеп қууды сұрап, оларға тас жаудырған. Көтерілісшілерден бас сауғалап қашқан милиционерлер, іздерінен бораған тастан жарақат алып, тұрғын үйлерді паналауға мәжбүр болады. Аталған милиционерлер түрлі деңгейдегі жарақат алған (ТОМА,837:181-182). 1967 жылдың 16 тамызында А.С. Бөлекбаев, В.А. Смыков, Р. Ахмадуллиндердің әрқайсысын 5 жылдан бас бостандықтарынан айырылып, жазаны кәметке толмағандар колониясында өтеуге сот үкімі шықты (ТОМА,837:241). Көтерілісшілер тарапынан учаскелік милиция уәкілі Георгиев, инспектор Ерназаров, милиционерлер Есенов пен Сабағатов, көлік қозғалысы қауіпсіздігі инженерлері Ишметов, Қыпшақбаев, жол қатынасын бақылау инспекторы Ахматуллин, милиция қызметкері Жұмановтар соққыға жығылып, бірнеше автомашина, мотоцикл өртелген (ТОМА, 844:163).

Шымкент көтерілісіне қатысушылардың көбіне қылмыстық топ өкілдерінің ықпалында болғанын архив деректері дәлелдейді. Кейбір қатысушылардың ісінде олардың психологиялық ауытқушылықтары анықталғаны көрсетілген. 1947 жылы туған В.А. Водозаворов Шымкент облысы № 3 қоғамдық тәртіп сақтау басқармасының тергеу изоляторына шабуылдауда белсенділік танытқан. Тергеу изоляторына басып кіруге әрекеттенген өрт сөндіру машинасының ішінде болып, изоляторға тас, жанатын май құйылған бөтелке жаудырған. 13 маусымның кешкі сағат 21.00-де жаппай тәртіпсіздік кезінде қаза болған баланың кегін алу деген ұран пайда болады. Тергеу изоляторын қоршау түнгі сағат 24.00-де де жалғасқан. Қылмыстық істерде жазылған кейбір түсініктемелерде қылмыстық әлемнің лақап аттары пайдаланылғаны көрінеді. Ю. Коршунов, Суховтардың түсініктемелерінде шелек толы бензинді изолятор ауласындағы көмірге төгіп, өртеген «Бамбула» лақап есімді жігіт сөз болады (ТОМА, 842:36). Аталған «Бамбула» В.А. Водозаворовтың лақап аты болған. Айыпталушы 1949 жылы туған, фосфор тұздары заводының электроцехының электр слесары А.А. Морозовтың тергеуде берген жауаптарында В.А. Водозаворовтың «Бамбула» лақап атымен танылғанын, өзінің де «Граф», «Леопард» деген лақап аттары болғанын көрсеткен (ТОМА,842:92). Бұрыннан Ташкент қалалық психоневрологиялық диспансерінің тіркеуінде болған В.А. Водозаворовқа «интеллекттің айқын төмендеуі мен сирек тырысу талмасы бар эпилепсия» диагнозы қойылған. Осы негізде 1967 жылдың 28 желтоқсанында Шымкент облыстық сотының қылмыстық істер алқасы оны жалпы типтегі Сайрам психиатриялық ауруханасына мәжбүрлі түрде емдеуге жіберу туралы қаулы қабылдайды. 1968 жылдың 21 мамырындағы арнайы актімен мәжбүрлі емдеу аяқталып, амбулаторлық емдеу үшін Шымкент қаласына жіберіледі (ТОМА,842:182,185). Шымкент оқиғаларына тағы бір белсене қатысушы П.А. Ильинков тергеуде өз аты-жөні мен туған жерін дұрыс айта алмайтыны анықталады. Арнайы тағайындалған сот-психиатриялық сараптама нәтижесінде оның да ақыл-есінің кемдігі анықталады. 1967 жылдың 1 желтоқсанындағы Шымкент облыстық соты қылмыстық істер алқасы П.И. Ильинковты мәжбүрлі емдеу үшін Шымкент психиатрлық мекемесіне жібереді (ТОМА, 855:210).

А. Морозовтың көрсетуінше милиция басқармасына басып кірмек болған адамдардың саны 30-40 адам болған және олардың көбі мектеп оқушылары болған. Оның көрсетулерінде, сондай-ақ, «Сорока», «Акрам», «Голубь» лақап есімді қатысушылар аталады (ТОМА, 842:94). Тергеу изоляторын қоршап тұрғанда Евгений Михайлов атты лақап есімі «Старик» қатысушы жараланады. Жиналғандарға қайдан екені белгісіз, жәшік-жәшік арақ жетеді. А. Морозовтың көрсетуінше, түрменің қақпасына қарсы тұрғанында іште «Ворон» түрме машинасы болған. Е. Михайлов мас күйінде жиналғандарға қарап: «Неғып тұрсындар, кеттік түрмеге!» - деп

айқайлаған. Ешкім оған қосылмаса да, Михайлов түрмеге қарай беттейді. Ол «Ворон» машинасына жақындап келгенінде машинаның алдыңғы бөлігінде отырған түрме күзетуші әйел оқ атып, Михайловтың оң қолын жаралайды (ТОМА, 842:96). А. Морозовтың өзі көтеріліс күні сағат 16- шамасында №1 автопарк маңайында жиналғандарды милиция қызметкері Слатлаевке шабуылдауға итермелеген. Жан сауғалаған Слатлаев жүк машинасының үстіне бой тасаламақ болады. Морозов бастаған топ оның артынан тас жаудырған. Қылмыстық іс материалдары А. Морозовтың барлық жаппай тәртіпсіздік алаңдарында да белсенді болғанын көрсетеді. Түрмеге шабуылдаған кезде ол қолындағы рогаткамен изолятордың сыртқы қоршауының шамдарын атып сөндірген. Сонымен бірге көтерілісшілерге қарсы қару пайдаланып, тойтарыс беріп тұрған изолятор бастығы Васильченконы қарусыздандыру мақсатында рогаткамен қолын көздеп атып, тас оның сол жақ көзіне тиген (ТОМА, 867:116, 117). Сот үкімімен А.А. Морозов он жыл бас бостандығынан айырылған. Шымкент фосфор тұздары заводы диреткорының орынбасары А.А. Морозов сотталушы А. Морозовтың әкесі екені анықталған соң, сот жеке қаулы шығарып, әкесінің ісін облыстық партия комитетінде қарауды сұрайды. Кассациялық сатыда сот үкімі өзгеріссіз қалдырылған (ТОМА, 867:116, 194).

Қылмыстық іс материалдары бойынша Қазақ ССР МҚК Шымкент қаласындағы көтерілістің белсенді қатысушылары ретінде 34 адамды тұтқындаған. Тұтқындалғандардың ең үлкені 1924 жылы туған Глазкова Ольга Павловна болса, ең жасы 1950 жылы туған Лаштабов Геннадий Васильевич болған (ТОМА, 843:202, 203). Милиция басқармасына басып кіру кезінде милиция қызметкерлерін ұстау жалғасып жатты. 1932 жылы туған Александр Петрович Кутепов Шымкент қаласындағы облыстық милиция басқармасына басып кіру кезінде милиционерлерді ұрып-соғу орын алған. Кейбір жағдайда милиция қарапайым адамдарды милиционерлермен шатастырған жағдай да болған. Өзінің МҚК-де тергеудегі жауабында А.П. Кутепов Крөггер көшесіндегі облыстық милиция басқармасының ауласында көтерілісшілер Олег есімді медицина училищесінің электригін ұстап алғанын, әлгінің өзіне милиционер еместігіне куәлік беруін сұрағанын, алғаш қорқып кетіп үндемегенін, сәлден кейін қатысушылардың бірі пышақ шығарып ұсталған адамға тап бергенде, оның еш уақытта милицияда істемегенін айтып, босатып алғанын баяндайды (ТОМА, 844:38). А.П. Кутепов, сондай-ақ, Түркістан көшесіндегі қалалық милиция бөлімінің изоляторына шабуыл барысында 1 корей және тағы 3 адам жараланғанын көрсеткен. Крөггер көшесіндегі облыстық милиция басқармасы жанындағы сот-медицина сараптамасы ғимаратында көтерілісшілер тобыры 35-жасар қазақ милиционерді жабылып сабаған. Бұған қатысушылардың бірі: «Сендер фашистерге ұксап адамды неге қорлап жатсыңдар?» - деп ажыратпақ болғанында басқа қатысушылардың құрсауында қалған. Сот сараптамасы ғимаратына жедел жәрдем келіп, Надежда Чивиль бірнеше милиционерге көмек көрсеткен (ТОМА, 844:39).

Көріп отырғанымыздай, Шымкенттегі жаппай бас көтерудің негізгі ұрыс сахналарының бірі Крөггер көшесіндегі Шымкент қалалық милиция бөлімшесінің № 3 тергеу изоляторына басып кіру мақсатында болған. Тергеу тобы түрмені басып алу туралы ұсынысты төрт мәрте сотталған И.И. Ломакин, қаңғыбас П.И. Гатиятуллин және екі бауыры сол түрмеде жатқан В.М. Приничников тастаған деп табады. Изоляторға шабуыл 13 маусым күні сағат 17-ден басталып, 14 маусының 01.30-минутына дейін жалғасқан. Түрмеге шабуылға белсене араласқандардың ішінде сотталған осы құрамдағы 12 адамның ішіндегі жалғыз әйел П.И. Анпилогова болған. Түрме маңындағы жаппай тәртіпсіздікті естіп, көршілерін үгіттеп, сол араға келген П.И. Анпилогова: «Оңбағандарды ұру керек, менің де ұлым осында отырған» - деп шабуылдаушыларды қолдап тұрған. Тергеу кезінде Анпилогованың ұлы Ваховский екі мәрте сотталғаны анықталған (ТОМА, 844:171). МҚК тергеушілері осы кезде түрмеде жатқандардан да жауап алған. Изолятордың негізгі корпусының екінші қабатындағы терезесі Крөггер көшесіне қарайтын №35 камерада жатқан 1936 жылы туған Нұрпия Қожанөпесова өзінің түрме терезесінен көргендерімен бөліскен. Оның көрсетуінше: «45-50 жастағы, дене тұрқы арық, сарғыш шашты, түсі орыс, маңдайында әжімі көп бір ер адам есімде. Ол жеңі түрілген тор жейде киген. Бұтына сұр шалбар киген. Осы ер адам бөренеммен соққылап тескеннен кейін изолятордың қабырғасының кірпіштерін шығарып жатты. Түрме қабырғасын өрт сөндіру машинасымен соғып, үлкен ойық жасаған кезде ол түрме корпусына қарай жүргісі келді. Сол кезде №16 камерасынан

оған: «Олай қарай барма, атады!» - деп айқайлады. Өрт сөндіру машинасы бір мәрте соққан кезде №16 камерадағылар: «Қаттырақ соқ!» - деп дауыстады» (ТОМА, 844:152). №16 камерадағылардың аса белсенділігі излятордың № 35 камерасында болған куә А.А. Щербининаның жауаптарында да көрсетілген. Оның көрсетуінше, № 16 камерадағылар сырттағы көтерілісшілерге: «Біз ең қатаң режимдегілерміз, бізді құтқарыңдар. Пышак, қару әкеліндер, түнге дейін ұстап тұрыңдар! Біз сендерге көмектесеміз», - деп дауыстаған. №16 камерадағылар терезедегі темір торды әлденемен сындыруға әрекеттенгендері естілген. Түнге қарай бір кезде бір майор бастаған әскери машиналар келіп тоқтайды. Жиналғандар олардың көлігін ары-бері аунатпақ болғандарында іштен автоматтарын кезеп, оқ атып, көтерілісшілерді қуып таратады (ТОМА, 844:157). Тергеу материалдары куә суреттеген адамның С.В. Граматович екенін анықтаған. 1967 жылдың 15 тамызында С.В. Граматович Шымкент облыстық соты қылмыстық істер алқасының үкімімен 8 жылға бас бостандығынан айырылған (ТОМА, 844:272).

Шымкент көтерілісінің белсенді қатысушыларына қатысты тергеу бөлек-бөлек олардың тергеудің назарына іліккен кездерінен бастап жүргізілген. Көтерілісшілердің негізгі құрамы 12 адам Қазақ ССР ҚК-нің 63 және 65-баптары бойынша айыпталған. Олар: И.И. Гринтер (15 жылға сотталған), И.А. Саблин (15 жыл), Изюмов В.П. (8 жыл), Рахамтуллаев А.Р. (5 жыл), Астафьев А.Ф. (7 жыл), Анпилогова П.И. (10 жыл), Гатиятуллин Р.Г. (15 жыл), Пряничников В.М. (15 жыл), Ломакин А.И. (15 жыл), Корсаков Ю.П. (14 жыл), Белогорцев Г.П. (15 жыл), Отпущенников А.А. (12 жыл) (ТОМА, 877:49-52). Бұлардың арасында тәртіпсіздіктердің тұтануына түрткі болған адам ретінде Кеңес Армиясы қатарында қызмет етуден жалтарғаны үшін бұрын сотты болған, № 1 автопарктің жүргізушісі Иван Иосифович Гринтер, бұрын өкімет өкіліне қарсыласқаны үшін сотталған Игорь Александрович Саблин, айықтырғышқа жеткізілуші болған Вячеслав Петрович Изюмов, мас күйінде көлік жүргізгені үшін жүргізушілік парвосынан айрылған Асатулла Рустемович Рахматуллаев танылды.

Шымкент көтерілісіне қатысушыларды тергеу тобының қолына түсуіне байланысты топ-тобымен ұсталып, тергеліп сотталып жатты. Жауапкершілікке тартылған келесі бір топқа Остроушко В.И., Воронин А.К. (15 жылға сотталған), Вольхин В.В. (10 жыл), Глазкова О.П. (8 жыл), Лаштабаев Г.А. (3 жыл) жатты (ТОМА, 875:384, 385).

Шымкент көтерілісінің милиция қызметкерлеріне қарсы сипаты туралы халық аузында болып келді. Көтерілістің себеп салдарын саралағанда қатысушылардың қарсылығының түпкі көзі әлеуметтік себептерден туған өкіметке қарсылық болғанын көруге болады. Халықтың милицияға жағымсыз көзқарасы жағдайында болған бір оқиға атышулы көтеріліске себеп болды. Шымкент қаласының орналасуы, бұл қаладағы түрмелердің орналасуы, қалада жазасын өтеу мерзімінің соңында ішкі істер комендатурасы бақылауымен еркін өндірістік кәсіпорында жұмыс істеу үшін босатылған бұрынғы лагер тұтқындарының, қылмыстық кодекстің тұрмыстық баптары бойынша сотталғандардың тым көп болуы қала тұрғындарының басым бөлігінің заңмен емес, «ұғымдармен» өмір сүруіне алып келді. Қала зауыттарына келіп жұмысқа орналасқан ауыл жастары тез арада бұрынғы тұтқындармен араласып, олардың қылмыстық әдептерін бойларына сіңіріп алатын. Қала жастардың бандалық топтары арасында аудандарға бөлінді. Шымкентте осындай топтардың арасында болатын төбелес үйреншікті жағдайға айналды. Әсіресе, Забадам поселкесін барлығы жек көріпті. Ірі наркотрафик орталықтарының бірі болған Шымкент қаласына келетін наша саудагерлері сонда жиналып, адам ұрлау, зорлаумен айналысу фактілері жиі кездесті. Қаладағы химиялық өнеркәсіптердегі есірткі құрамаларының сыртқа емін-еркін сатылуы дендеп кеткен. Архив қорларынан алынған материалда да осы жағдайдың растығын түйіндей түседі. Шымкенттегі милиция органдары ғимараттарына, түрмеге шабуылдау кезінде кәмелетке толмағандар, 20 мен 30 жас аралығындағы жастардың белсенділігі байқалған. Үлкен жастағы түрме, заң орындарымен таныстығы бар егде адамдар оларға тәлім үйретіп тұрған. Көтерілістің жас қатысушыларының қатарында болған 1949 жылы туған, ұлты өзбек Тагир (Таирмұрат) Атамұратұлы Ташмұратовтың мысалы Шымкенттегі жастардың қылмыстық құрылымдармен байланысы етене болғанын көрсетеді. 8-сыныптық білім бар Т. Ташмұратов Шымкенттегі фосфор заводында аппаратшы болып жұмыс істеген. № 1 автопарк маңайына жиналғандардың қатарында болған Т. Ташмұратов жол бақылау инспекторы Ислам Ахматуллинді

ұрып-соққандардың бірі ретінде танылған. Т. Ташмұратов И. Ахматуллинге тиесілі автоқарандашын алып қойған. Т. Ташмұратовты 14 маусым күні-ақ қамауға алу туралы қаулы шыққан. Бірақ оны қамауға алу одан кейінгі күндері жүзеге асқан сияқты. Осы күні МҚК Т. Ташмұратовтың таныстарымен алысқан хаттарын шығарып алу туралы қаулы қабылдап, Шымкент почтампындағы оның Москвада №75441 әскери бөлімінде борышын өтеп жатқан досы Сергей Квочкинге жазған хатын тәркілейді. Тергеушілер тарапынан С. Квочкинге жазылған хаттың Т. Ташмұратовтың қолымен жазылған-жазылмағанын анықтау үшін арнайы графикалық сараптама тағайындалды. Қаз ССР МҚК сарапшысы В.Г. Соловьев бұл хатты Т. Ташмұратов жазған деген қорытынды жасайды (ТОМА, 900:54,77,81,82). Екі бет оқушы дәптерінің тор көз парағындағы хатты Т. Ташмұратов 15 маусым күні жазған екен. Почтамп мөрінде 16.06.1967 жыл көрсетілген. Шымкент көтерілісіне байланысты құжаттардың ішінде бұл хатты айрықша маңызды санауға болады. Өйткені, тергеу, сот материалдары белгілі бір заң нормалары аясында жауап алушының қылмысты дәлелдеу, жауап берушінің барынша жауапкершіліктен жалтару мақсаттары болатын болса, бұл хатты жазған кезде Т. Ташмұратов әлі құқық қорғау органдары тарапынан ұсталмаған. Хаттың бірден жазылып жолдануы хат иесінің Шымкент көтерілісінен кейін қатысушылар ортасындағы белгілі бір эйфориялық көңіл-күйдің болғанын көрсетеді. «Шымкенттен сәлем! Мен бұл хатты өзімнің ең жақын досым Сергей Квочкинге оқуға арнаймын», - деген көтеріңкі көңіл-күймен басталған хатта Т. Ташмұратов алдымен өзінің көптен бері хабарласпай кеткені үшін кешірім сұрайды. Өзінің жеке жағдайын, жұмысын, айлық мөлшерін баяндайды. Хат мәтінінде көше лексикондары пайдаланылады. Ары қарай: «Құрметті досым, мен саған Шымкент қаласында не болғанын жазамын. Тек сен үйіңе хат жазғаныңда сұрап жатпа, жарай ма? Жағдай былай болды. 13.06.67 ж. күні мен жұмысқа бара жаттым (жұмысым кешкі сағат 4-тен басталатын). Автопарк маңына жетіп қалғам, ал ол жерде не болған десеңші...», - дей келіп, бір шоферді милиция айықтырғышқа алып кеткен оқиғаны баяндайды. Ары қарай хат мәтіні толықтай көше лексиконына көшеді. «Легавыйлар» (милиция қызметкерлері) айықтырғышқа түскен шоферді ұрып өлтіргені, осыған орай шофердің қызметтестері көтеріліске шыққаны айтылады. Өзінің де соларға қосылып, «легавыйларды» ұруға кіріскені, милицияның облыстық бөлімінде олардың бір автокөлік жүргізушісінің өртеп жіберілгені, «легавыйлардың» түрмедегілерді құтқармақ болғандарға қарсы оқ атқаны, өзінің бір милиция қызметкерінің автоқарандашын тартып алғаны, көтерілісшілер милицияға тиесілі «Урал» мотоциклін өртеп жібергені, жалпы саны 3 «Волга» автөкөлігі, 4 «Урал» мотоциклі, 2 «Победа» машинасы өртелгені айтылады. «Легавыйлар бірнеше адамды өлтірді. Өлтірілген, өлімші болып таяқ жеген «легавыйлар» да аз емес. Досым, сен елестетіп көрші, осыдан кейін қалада еш жерде бірде-бір «легавый» көрінбеді.» - деп жазады хатында Т. Ташмұратов. Хатта 13.06.1967 жылы кешкі 19.00-да Ташкент және Шымкент қалаларында белгіленген футбол ойындары өтпей қалғаны айтылған. Қалаға бронды машина толы солдаттар жеткізілгені, көтерілісшілердің оларды беттетпей, тас жаудырып қуғаны баяндалады. Т. Ташмұратовтың хатынан сондай-ақ, кешке қарай өртелген машиналар жиналып қоқысқа әкетілгені, көлге бір милиционер батырылғаны, Ташкент жолында бір милиция қызметкері өлтірілгені туралы мәліметтер бар. (ТОМА, 900:85). 36). Т. Ташмұратовқа қатысты сот кезінде Квочкинге жазған хаты дәлел ретінде ұсынылады. Сотталушы хатты «досының алдында батыр көріну үшін» өз қолымен жазғанын мойындаған. Сот үкімімен Т. Ташмұратов 7 жыл бас бостандығынан айырылған. Кассациялық алқа сотталушының жазасын 3-жылға дейін кеміткен (ТОМА, 900:172, 196(a)). Шымкент көтерілісі салдарынан мемлекеттік және жеке тұлғалардың мүлкіне келтірілген зиянның жалпы көлемі 262734 сом 62 тиын деп бағаланған (ТОМА, 855:208).

Шымкенттегі ахуал бақылаудан шығып бара жатқаннан кейін 13 маусым кешке қарай КОКП бас хатшысы Л. И. Брежнев обкомның 1-хатшысы В. А. Ливенцовқа телефон арқылы Орталық комитеттің хатшысы А.П. Кириленконың Шымкентке ұшып шыққанын хабарлайды. Ол кезде Шымкент техникалық жарақтануы жағынан үлкен самолеттерді қабылдай алмағандықтан, Мәскеуден шыққан партиялық басшы Ташкентке келіп қонады. 14 маусымда таңертең А.П. Кириленко Қазақстан Компартиясының 1 хатшысы Д.А. Қонаевпен бірге Шымкентке келіп жетеді. Осы күні таңертеңгі 9-ға қарай Шымкентке КСРО қоғамдық тәртіпті сақтау

министрі Н.А. Щелоков те келеді. 13 маусым түнгі 22.00-де В.А. Ливенцовқа телефон соққан Өзбекстан Компартиясының 1-хатшысы Ш. Рашидов Шымкентке қарай солдаттар орналасқан бронды машиналарды бастап Орта Азия әскери округінің қолбасшысы генерал Салмановтың шыққаны хабарланады (Ливенцов, 1999:210).

Шымкент көтерілісін басқаннан кейін айыптыларды тергеп-тексеру кезінде көтеріліс барысында түсірілген фото-суреттер пайдаланылған. Бұл суреттердің түсірілуі туралы ресми түрдегі ақпарат пен шын мәніндегі жай-жапсарында үлкен айырмашылық бар. Шымкент обкомының 1-хатшысы В.А. Ливенцовтың жоғарыда көрсетілген мемуарында: «Тергеу кезінде қаланың мектептерінің бірінің фото түсірумен әуестенетін оқушы қыз үлкен көмек жасады. Ол күні-түні қаланың ең қызып тұрған жерлеріне барып, ешкімге байқатпастан болып жатқан оқиғаны, әсіресе ерекше қызба көтерілісшілердің машиналарды өртегенін, түрме ауласына жанармай құйылған бөтелке лақтырушыларды фотоға түсіре берген. Бұдан кейін қыз бала таспаны айқындап, әкесіне көрсеткен. Әкесі болса суреттердің маңыздылығын түсініп, облыстық МҚК бастығы Ғазизовқа берген, бұл суреттер тергеуде көп көмек көрсетті», - деп жазады (Ливенцов, 1999:213). Қылмыстық істер материалдарына тігілген мына бір құжат бұл «бейкүнә фототүсірілімдер» туралы әңгіменің аңыз екенін дәлелдейді. 1967 жылдың 14 маусымында куә ретінде жауап алынған 1939 жылы туған, ұлты қазақ, Шымкент облыстық қоғамдық тәртіпті сақтау басқармасына қарасты ғылыми-техникалық бөлімнің аға сарапшысы Юсупов Рүстем Сағымбекұлының айтуы бойынша, 13 маусым күні сағат 15.30-дарда қоғамдық тәртіпті сақтау басқармасы ғылыми-техникалық бөлімнің бастығы милиция майоры Сергеев басқарма бастығының орынбасары Қыпшақбаевтың өзіне және аға сарапшы, милиция лейтенанты Напиловке фотоаппарат алып, қалалық милиция бөлімшесіне барып көтерілісшілерді суретке түсіру бұйрылғанын жеткізген. Милиция қызметкерлері көтерілісшілерді оқиға болып жатқан жерге жақын пәтерлерге үй иелерінің рұқсатымен кіріп, суретке түсірген. Юсупов пен Напылов түрменің маңайындағы биік мұнараларға шығып та суретке түсіріп отырған (ТОМА, 872:50-51).

Шымкенттегі маусым оқиғасы бұрынғы Одақты дүр сілкіндірген оқиға болды. Көтеріліс басып-жаншылғаннан кейін қатысушыларды заң бойынша қудалаумен қатар, оқиғаға жол берген себептерді іздеп, саяси тұрғыда баға беру партиялық органдар тарапынан қолға алынды. Шымкент көтерілісі басылғаннан кейін мұндай оқиғаның қайталанбауы үшін шаралар легін қабылдау ұсынылды. 18 маусым күні Қазақстан КП ОК 1-хатшысы Д.А. Қонаев пен КСРО қоғамдық тәртіпті сақтау министрі Н.А. Щелоковқа жолданған Шымкент обкомының 1 хатшысы В. Ливенцов, Облатком төрағасы Ж. Шаймерденов қол қойған екі бірдей құпия хат жолданған. Шымкенттің шынайы келбетін сипаттап, облыс орталығында милицияның арнайы батальонын құру туралы ұсыныс арқау болған 1-ші құпия хатта: «(Қаладағы) халық өзінің құрамы жағынан көпұлтты. Шымкент облысы мен қаласында 20 мың неміс, 7500 грек (олардың 3600 шетелдіктер), 4800 ҚХР-нан қайтып оралғандар мен қашып келгендер, 300 әзірбайжандар, химшил, түріктер бар жалпы саны 41 ұлттың өкілдері тұрады. Қаладағы 2000-нан астам адам капиталистік елдермен хат алысып тұрады» - делінген. Шымкент қаласында 2 мыңнан астам бұрынғы сотталғандар, 4,5 мың адам ішімдікқұмар-наркомандар болған. Хат иелері бұған Шымкентке келіп-кететін қаңғыбастардың көптігі (2000-нан аса), қылмыстың өсуі қалада 200 адамнан тұратын арнайы милиция батальонын құруды ұсынған. 9 шілде күні Н. Щелоковтан келген жауап хатта бұл өтініштің «бұл мәселелерді шешерде ескерілетіні» айтылған (ТОҚСТМА, 5364:60,61,62). Екінші құпия хатта Шымкент қаласындағы қатаң режимдегі еңбекпен түзеу колониясын қала аумағынан көшіріп, оның базасында алкогольіктер мен наркомандарды мәжбүрлеп емдеу үшін еңбекпен сауықтыру профилакториясын құру туралы ұсыныс айтылған. Шымкент қаласының орталығындағы тергеу изоляторында 500 адам, №31 қатаң режимдегі еңбекпен түзеу колониясында 800 адам, қала шетіндегі қатаң режимдегі №1 еңбекпен түзеу колониясында 1300 адам ұсталған. Бұған қоса денсаулық сақтау және милиция органдарында 5 мыңнан аса тұрақты алқаштар мен наркомандар, 2 мыңнан астам бұрын сотталғандар есепте тұрған (ТОҚСТМА, 5364:64,65). 1967 жылдың 24 маусымында Қазақстан КП Шымкент обкомының арнайы қаулысы, 27 маусымда Қазақстан КП ОК-нің «Шымкент қаласында жаппай тәртіпсіздіктерге жол берілуі туралы» қаулысы қабылданды. Осы жылдың 20 шілдесінде Қазақстан Компартиясы Шымкент

қалалық комитетінің IV пленумы өтті. Пленумда сөз алғандардың ішінде «Шымкентөндірістресті» мекемесі партия ұйымының хатшысы М.В. Русанов 13 маусымдағы жаппай тәртіпсіздіктерден сабақ алу керектігін мәлімдеді (ТОҚСТМА, 3919:50). Сабақ алу туралы көбірек айтқан Шымкент қалалық қоғамдық тәртіпті сақтау басқармасының бастығы Юсупов болды. Маусымдағы оқиғаларды кадр саясатындағы кемшіліктерден көру керектігін айтып өткен ол қалалық милиция сапын 130 партия мүшесімен толықтыру туралы ұсыныстың әлі орындала қоймағанына тоқталды. Милицияның арнайы бөлімдері өз орындарына әкетілгеннен кейін қаланың «жалаңаш» қалатынына назар аударды. Қалада паспорттық түзім күшейтіліп, тексеріс қатаңдағаны айтылды. Шымкент қалалық партия комитетінің IV пленумы қалалық партия комитетінің 1 хатшысы қызметіне Ж.Б. Тыныбаевты сайлады (ТОҚСТМА, 3919:69, 100).

Шымкент көтерілісі басталған кезде қаладан қашып, міндеттерін атқарудан жалтарған милиция қызметкерлері көп болды. Обкомның 1 хатшысы В.А. Ливенцов «құқық қорғау органдарының жетекші қызметкерлерінің сол түні қаладан тыс жерлерге жасырынып қалғанын» жасырмаған. Обкомның басшысы Г.А. Ишников сияқты милиционерлердің ауылдардан Шымкентке келген жүргізушілерден пара алып, қыр соңдарынан қалмайтынын атап көрсеткен (Ливенцов, 1999:212). Шымкент қалалық партия комитетінің бюро мәжілісінде 13 маусым күні қорқақтық танытқан милиционерлерді партиядан шығару мәселесі қаралды. Шымкент облыстық қоғамдық тәртіпті сақтау бөлімінің социалистік меншікті қорғау бөлімінің бастығы Өмірзақ Атемов милиция ғимаратына көтерілісшілер шабуылдап жатқанда өзіне бағынышты Керімбек Пернебеков екеуі терезеден көрші аула арқылы қашып шығып, балалар паркінде қас қарайғанша паналап отырған. Келесі күні Қатынкөпірдегі туыстарына жылыстап кеткен ол 15 маусым таңертеңге дейін сонда болған. Қызмет міндеттемесі бойынша өзінің бақылауында болған химиялық фармацевтика заводуның қорғау бойынша еш әрекет жасамаған. Осы үшін Ө.Ә. Атемов пен К.Т. Пернебековтер партия қатарынан шығарылған. Ө.Ә. Атемовтың кейіннен партия мүшелігіне қайта қабылданған. Оның партиялық билетінде «қорқақтығы мен жауапсыздығы үшін» партия мүшелігінен шығарылғаны көрсетілген (ТОҚСТМА, 6458:7). Шымкент қалалық милиция бөлімі қызметкерлерінің 13 маусымдағы іс-әрекеттерін арнайы қараған қалалық партком бюросы бастықтың орынбасары П. Жансейітовке ескерту жариялап, Мұхаметдиновтың құқығын бұзуға байланысты милиционер Мұсаев, медициналық айықтырғыш бастығы Әбдірахманов, фельдшер Гуменных, айықтырғыш қызметкері Әбілдаевқа қатысты шара қолдануды милиция бөлімінің партия комитетіне тапсырды (ТОҚСТМА, 3958:32,33,36,37).

3 тамыздағы қалалық партком бюросы «милицияның қалалық бөлімінің тәрбие және жедел жұмыстар бойынша елеулі кемшіліктері туралы» мәселені арнайы қарайды. Бюрода сөйлеген Файзиев: «13 маусымнан кейін милиция органдарының беделі біршама түскендіктен, халықтың милиция туралы пікірін оңалту үшін жұмысты жолға қою керек. Оқиғадан кейін шаралар қолға алынып жатыр. 12 адам жұмыстан босатылды.» - деп көрсеткен. Бюро мүшесі Русанов: «13 маусым милицияның қандай кемшіліктері барын ашып көрсетті... кемшіліктердің үлкені милицияның мәдениетсіздігі көрінді. Облыстық басқарма да көп жағдайды жіберіп алған, әскери кесте жасалмаған, тіпті ішінде саяси жұмыстар жөніндегі орынбасар бар жауапты адамдар қайда бару керектігін білмеді», - деген. Осы бюро мәжілісінде 13 маусым күні «қорқақтық танытып» үйіне кетіп, одан ары Қайнарбұлақ ауылына қашып кеткені үшін қалалық милиция бөлімінің жедел қызметкері А. Ешенқұлов, Сайрамға қашқан А.Т. Сатыбалдиевтер партия қатарынан шығарылды (ТОҚСТМА, 3959:9,10,54,56).

Қорытынды. Шымкентте орын алған жаппай бас көтерулер КСРО елінің, Кеңестік Қазақстанның тамыры тереңге кеткен әлеуметтік дағдарыс көріністерін жалаңаштап көрсетті. Оқиғалардың өрбуі шиеленісті жағдайға құқық қорғау органдарының қылмыс әлемімен жұптасып кетуі, елдегі сыбайлас жемқорлық, партия органдарындағы таққұмарлықтың себеп болғанын аңғартты. Көтерілісшілердің ұйымдасқан қарсылық екпіні құзырлы органдарды абдыратып, милиция қызметкерлерінің қаланы тастап қашуына алып келді. КСРО-дағы ең жоғарғы билік Шымкент оқиғаларынан қатты қауіптеніп, орталықтан құзырлы министр, КОКП Орталық комитетінің хатшысы арнайы келді. Көтерілістің жай-жапсарын зерделеу құқық қорғау органдарының репрессиясы түрінде ғана өрбіді. Қаза болған бейбіт тұрғандар туралы мәліметтер

жасырылды. Оқиғаның өзін, зардаптарын да қалың көпшіліктен жасырып-жабу арқылы партиялық органдар, милиция органдары жауапкершіліктен алып кетілді. Қатаң жазалаулар наразылық білдірген қарапайым азаматтарға қарсы жүргізілді. Жазаланғандардың арасында оқиғалар дүрмегіне қосылып жүргендер де болды. Тоталитарлық билік Шымкенттегі көтерілістің шын әлеуметтік, саяси себептерін талдаудың орнына, үстірт өзгерістермен шектелді. Шымкент халқының қылмыстық құрылымдармен ұштасып кетуінің шын себебін құрайтын елдегі лагерьлер тізбесі, жосықсыз миграция талқыланбады. Шымкентте, жалпы Қазақстанда қалыптасқан ішімдікқұмарлық, нашақорлықтың, ұсақ және ірі қылмыстың қатерлі статистикасы партиялық құрылымның жайбарақат реакциясына ұласты.

Мақала «Кеңестік Қазақстан: әлеуметтік және этникалық қақтығыстар тарихының тағылымы (1920-1991 жж.)» ЖТН АР09259347 гранттық жобасы бойынша орындалды.

Information about the authors:

Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology, Almaty, Kazakhstan, E-mail: kokebayeva@gmail.com, ORCID ID: orcid.org/0000-0002-6638-4663;

Shildebai Sabit Kamytbekuly – Candidate of Historical Sciences, Director of the Central State Archive of the Republic of Kazakhstan. Almaty, Kazakhstan, E-mail: S.Shildebai@mail.ru, ORCID ID: orcid.org/0000-0001-7110-2571;

Stamshalov Erkin Imangasievich – Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology, Almaty, Kazakhstan, ORCID ID: orcid.org/0000-0003-4663-6349, E-mail: kun2013@mail.ru.

ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ:

- Аубакиров Э. Чимкентский бунт. 1967 г. //Экспресс-К. , - 2010.-15 сентябрь (№ 4 (16876)).
- Доброта Л. Жаркое лето 1967-го. [Электронный ресурс] - URL: <https://kazpravda.kz/n/zharkoe-let-1967-go/> (дата обращения: 14.08.2022 ж.).
- Козлов В. А. Неизвестный СССР. Противостояние народа и власти 1953-1985 гг. -Москва: ОЛМА-ПРЕСС, 2006. – 448 с.
- Козлов В.А. Массовые беспорядки в СССР при Хрущеве и Брежнев (1953 - начало 1985-х гг.). - Москва: РОСПСПЭН, 2009. – 543 с.
- Ливенцов В.А. Мое время. - Актөбе: ОАО «Полиграфия», 1999. - 382 с.
- Мартов А. Восстания в стране Советов // Тайны СССР. – 2019. - февраль (№4) . – с. 35.
- Ресей Мемлекеттік Қазіргі Заман Архиві (РМҚЗА), 89-қор, 6-тізім, 29-құжат.
- Секретариат ЦК КПСС. Записи и стенограммы заседаний 1965-1967 гг. (Составители: Н.Г.Томилина и др) – Москва: Издательство «ИстЛит», 2020. - 944 с.
- Түркістан облысының қоғамдық-саяси тарихының архиві (ТОҚСТМА) 11-қ., 1-т., 3958-іс.
ТОҚСТМА 11-қ., 1-т., 5364-іс.
ТОҚСТМА 2125-қ., 6-т., 6458-іс.
ТОҚСТМА 11-қ., 1-т., 3919-іс.
ТОҚСТМА 11-қ., 1-т., 3959-іс.
- Түркістан Облыстық Мемлекеттік Архиві (ТОМА) 217-қор, 3-тізбе, 187-бума, 894-іс.
ТОМА 217 қор, 3-тізбе, 163 бума, 833 іс.
ТОМА 217-қор, 3-тізбе, 164-бума, 837-іс.
ТОМА 217-қор, 3-тізбе, 166-бума, 842-іс.
ТОМА 217-қор, 3-тізбе, 166-бума, 843-іс.
ТОМА 217-қор, 3-тізбе, 166-бума, 844-іс.
ТОМА 217-қор, 3-тізбе, 170-бума, 855-іс.
ТОМА 217-қор, 3-тізбе, 175-бума, 867-іс.
ТОМА 217-қор, 3-тізбе, 177-бума, 872-іс.
ТОМА 217-қор, 3-тізбе, 178-бума, 875-іс.
ТОМА 217-қор, 3-тізбе, 179-бума, 877-іс.
ТОМА 217-қор, 3-тізбе, 189-бума, 900-іс.
- Шемратов Д. Чимкентски бунт 1967. – [Электронный ресурс] – URL: <https://titus.kz/print.php?id=22255> (дата обращения: 14.08.2022 г.).

Южный Казахстан, 23.06.1967 г., № 123.

Южный Казахстан, 12.07.1967 г., № 137.

REFERENCES:

Aubakirov E. Chimkentski bunt. 1967 g. [Chimkent riot. 1967] //Express-K, - 2010.-15 September (No. 4 (16876). [in Russian].

Dobrota L. Jarkoe leto 1967-go. [The hot summer of 1967] Electronic resource - URL: <https://kazpravda.kz/n/zharkoe-leto-1967-go/> (date of appeal: 08/14/2022 w. [in Russian].

Kozlov V.A. Neizvestnyi SSSR. Protivostoianie naroda i vlasti 1953-1985 gg. [Unknown USSR. The confrontation between the people and the government 1953-1985]. -Moscow: OLMA-PRESS, 2006. – 448 p. [in Russian].

Kozlov V.A. Masovye besporядki v SSSR pri Hрушеve i Brejnevе (1953- nachalo 1985-h gg.). [Mass riots in the USSR under Khrushchev and Brezhnev (1953- early 1985).] - Moscow: ROSSPEN, 2009. – 543 p. [in Russian].

Livensov V.A. Moe vremя. [My time] - Aktobe: JSC "Polygraphy", 1999. - 382 p. [in Russian].

Martov A. Vosstania v strane Sovetov [Uprisings in the land of Soviets] Secrets of the USSR. – 2019. - February (No. 4). – p. 35. [in Russian].

Resei Memlekettik Qazırǵı Zaman Arhivі (RMQZA), [Russian state archive of modern history] foundation 89, inventory 6, case 29 [in Russian].

Sekretariat SK KPSS. Zapisi i stenogramy zasedani 1965-1967 gg. [The secretariat of the Central Committee of the CPSU. Recordings and transcripts of meetings 1965-1967.] (Compiled by N.G.Tomilina and others) – Moscow: Publishing house "IstLit", 2020. - 944 p. [in Russian].

Тьrkіstan oblysynyc qoǵamdyq-saiasi tarihnyc arhivі (TOQSTMA) [Public political archive of Turkestan region] foundation 11, inventory 1, case 3958. [in Kazakh].

TOQSTMA 11-q., 1-t., 5364-is. [PPATR f-11, i-1, c-5364] [in Kazakh].

TOQSTMA 2125-q., 6-t., 6458-is. [PPATR f-2125, i-6, c-6458] [in Kazakh].

TOQSTMA 11-q., 1-t., 3919-is. [PPATR f-11, i-1, c-3919] [in Kazakh].

TOQSTMA 11-q., 1-t., 3959-is. [PPATR f-11, i-1, c-3959] [in Kazakh].

Тьrkіstan Oblystyq Memlekettik Arhivі (TOMA) [Turkestan Regional State Archive] foundation 217, inventory 3, package 187, case 894. [in Kazakh].

TOMA 217 qor, 3-tızbe, 163 buma, 833 is. [TRSA f-217, i-3, p-163, c-3959] [in Kazakh].

TOMA 217-qor, 3-tızbe, 164-buma, 837-is. [TRSA f-217, i-3, p-164, c-837] [in Kazakh].

TOMA 217-qor, 3-tızbe, 166-buma, 842-is. [TRSA f-217, i-3, p-166, c-842] [in Kazakh].

TOMA 217-qor, 3-tızbe, 166-buma, 843-is. [TRSA f-217, i-3, p-166, c-843] [in Kazakh].

TOMA 217-qor, 3-tızbe, 166-buma, 844-is. [TRSA f-217, i-3, p-166, c-844] [in Kazakh].

TOMA 217-qor, 3-tızbe, 170-buma, 855-is. [TRSA f-217, i-3, p-170, c-855] [in Kazakh].

TOMA 217-qor, 3-tızbe, 175-buma, 867-is. [TRSA f-217, i-3, p-175, c-867] [in Kazakh].

TOMA 217-qor, 3-tızbe, 177-buma, 872-is. [TRSA f-217, i-3, p-177, c-872] [in Kazakh].

TOMA 217-qor, 3-tızbe, 178-buma, 875-is. [TRSA f-217, i-3, p-178, c-875] [in Kazakh].

TOMA 217-qor, 3-tızbe, 179-buma, 877-is. [TRSA f-217, i-3, p-179, c-877] [in Kazakh].

TOMA 217-qor, 3-tızbe, 189-buma, 900-is. [TRSA f-217, i-3, p-189, c-900] [in Kazakh].

Şemratov D. Chimkentski bunt 1967. [Shymkent riot 1967.] –Electronic resource – URL: <https://titus.kz/print.php?id=22255> (date of appeal: 08/14/2022). [in Russian].

Ўjnyı Kazahstan, 23.06.1967 g., № 123. [South Kazakhstan, 23.06.1967, No. 123] [in Russian].

Ўjnyı Kazahstan, 12.07.1967 g., №137. [South Kazakhstan, 12.07.1967, No. 137] [in Russian].

МАЗМҰНЫ ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ӘДІСНАМА

Бұрханов Б.Б. КЕҢЕСТІК ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ИСЛАМНЫҢ КЕЙБІР ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ (ТАРИХНАМАЛЫҚ ШОЛУ).....	4
Кушқумбаев А.Қ., Уалиев Т.А. ЕР ЕДІГЕ ЖЫРЫНЫҢ ТАРИХНАМАСЫ (XIX ғ. II-жартысы – XX ғ. I-жартысы).....	15
Қапаева А.Т. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1921 – 1922 ЖЫЛДАРДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚТЫ ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ ҰСТАНЫМЫ.....	27

ТАРИХ

Ағатай Ө.М. ҚАЗАҚ БАТЫРЛАР ЖЫРЛАРЫНДАҒЫ ДӘСТҮРЛІ ЖАҚ (ЖАЙ) ҚАРУЫ.....	41
Бекенова А.А. СОҒЫСТАН КЕЙІНГІ ОНЖЫЛДЫҚТАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ШАРУАЛАРЫНЫҢ КҮНДЕЛІКТІ ТҰРМЫСТАҒЫ МЕРЕКЕЛЕУ МӘДЕНИЕТІ (1945 – 1955).....	56
Дүйсенова Н.К., Смағұлов Б.Қ. 1930 – 1950 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ МУЗЕЙ САЛАСЫ ДАМУЫНЫҢ КЕЙБІР АСПЕКТІЛЕРІ.....	70
Закарья Р. ЕУРОПАЛЫҚ МИГРАНТТАРДЫҢ КСРО-ҒА ҚОНЫС АУДАРУЫНЫҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ, СОНДАЙ-АҚ ОЛАРДЫҢ НЕГІЗГІ КАТЕГОРИЯЛАРЫ.....	81
Көкебаева Г.К., Шілдебай С.Қ., Стамшалов Е.И. 1967 ЖЫЛҒЫ ШЫМКЕНТ КӨТЕРІЛІСІ	98
Крупко И.В. ОТЫРАР КІТАПХАНАСЫНЫҢ БЕЙНЕ ЖӘНЕ НАРРАТИВ СЕМИОЗИСІ: ЖОҒАЛҒАН АҒАРТУШЫЛЫҚТЫ ІЗДЕСТІРУ БАРЫСЫНДА.....	112
Күнікеев А.Д., Жетпісбай Н.Ы. ЖОЛАМАН ТІЛЕНШІҰЛЫ БАСТАҒАН КӨТЕРІЛІС (1822 – 1840).....	126
Қалыбекова М.Ш. XX ҒАСЫРДЫҢ 30 – 50 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БІРІГЕЙЛІКТІ ЖОЮ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	138
Қасымова Д.Б. Ж. ШАЯХМЕТОВ ПЕН Д. ҚОНАЕВ ҚЫЗМЕТТЕРІНЕН ҚАЛАЙ КЕТТІ: ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ЕРЕКШЕ КЕЗЕҢДЕРІ.....	151
Қозыбаева М.М. СОҒЫСТАН КЕЙІНГІ КЕЗЕҢДЕ ҚАЗАҚСТАН КОЛХОЗДАРЫНЫҢ	

ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ (1946 – 1953).....	163
Қуанбай О.Б. ҚҰЛСАРЫ БАТЫР – ДИПЛОМАТ, МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ (1715–1776).....	172
Құдайбергенова А.И., Мамытова С.Н., Көбеев Р.Ж. АШЫҚҚАН ҚАЗАҚ БОСҚЫНДАРЫНЫҢ АУЫП БАРҒАН ЖЕРДЕГІ ЖАҒДАЙЫ ТУРАЛЫ АРХИВТІК ДЕРЕКТЕРДЕН (1931 – 1933).....	185
Муканова Г.К., Байжуманова З.Б. БӨКЕЙХАНОВТЫҢ РЕДАКТОРЛЫҒЫНДАҒЫ «БАХАИЗМ» ЖАЙЛЫ ДӘРИСТЕР ЖӘНЕ СМАҒҰЛ СӘДУАҚАСОВТЫҢ «ОҚУЛЫҚ ЖАЗБАЛАРЫ».....	196
Нурсултанова Л.Н., Еркін А.Е. ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ТАЯУ ШЫҒЫСТЫҢ САЯСИ – ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ: ТАРИХИ-ХРОНОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТИ.....	206
Оразов Р.Е., Сатенова М.Р. АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫ.....	217
Оспанов Н.М. КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ БҰҰ-ДАҒЫ ӘСКЕРИ ТҮТҚЫНДАРДЫ РЕПАТРИАЦИЯЛАУ МӘСЕЛЕСІНЕ ҚАТЫСТЫ САЯСАТЫ.....	228
Ошан Ж. ҚЫТАЙ ЖАЗБАЛАРЫНДАҒЫ ЕЛТЕРІС ҚАҒАН ТУРАЛЫ ШІНАРА МӘЛІМЕТТЕР.....	238
Сарманова С.Р., Қозыбаева М.М., Маслов Х.Б. ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН ЖӘНЕ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ЭТНИКАЛЫҚ БІРЕГЕЙЛІГІН ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	249
Сманова А.М. АХМЕТ ЗӘКИ УӘЛИДИДІҢ ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ КӨЗҚАРАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ.....	257
Стась И.Н., Нурбаев Ж.Е., М.М. Козыбаева АҚМОЛА ҚАЛАСЫНДАҒЫ ХІХ Ғ. ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ – ХХ Ғ. БАСЫНДАҒЫ ҒИБАДАТХАНА ҚҰРЫЛЫСЫНЫҢ ТАРИХЫНАН (ФОТОҚҰЖАТТАР МАТЕРИАЛДАРЫНДАҒЫ СӘУЛЕТТІК ТАЛДАУ).....	266
Ш.Б. Тілеубаев, С.Г. Белоус, Н.Н. Құрманалина, А.Н. Конкабаева ХХ ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ ҰЙЫМДАР МЕН ҰЛТЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ МУЗЕЙ ІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ.....	277
Түрсүн Х.М., Шаметов С.Т., Исаев М.С. ИСЛАМДЫҚ ЖӘНЕ ХРИСТИАНДЫҚ ЖЕРАСТЫ МІНАЖАТ ОРЫНДАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ МЕН ҚЫЗМЕТІНДЕГІ ОРТАҚ БЕЛГІЛЕР.....	289
Ханна Матт ЖАҒАҒАҒЫ ӘСКЕРИ ТҮТҚЫНДАУ ҚҰБЫЛЫСЫ БІРІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС КЕЗІНДЕ: ТҮРКІСТАН ТӘЖІРИБЕСІ (1914 – 1916).....	301

Черепанов К.В. Д.А. ҚОНАЕВТЫҢ АЛМАТЫНЫҢ ЕЛОРДАЛЫҚ КЕЛБЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РӨЛІ.....	314
Шакиева А.С. ОТАН ТАРИХЫНДАҒЫ ЖОШЫ ҰЛЫСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ: КЕҢЕСТІК КЕЗЕҢ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ТАРИХ (САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ).....	329
Шотанова Ғ.А., Өжкенов Е.М., Жұмаділ А.Қ. БӨКЕЙ ОРДАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚТАР: ДӘСТҮРЛІ ҚОҒАМДЫ ЖАҢҒЫРТУДЫҢ БАСТАЛУЫ.....	340

АНТРОПОЛОГИЯ

Әжіғали С.Е., Әшім Б.Ә. БАТЫС ҚАЗАҚСТАН КЕШЕНДІ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ-ЭТНОАРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЭКСПЕДИЦИЯСЫНЫҢ 2021 ЖЫЛЫ ҚОБДА ӨЛКЕСİNДЕ ЖҮРГІЗГЕН ЗЕРТТЕУЛЕРІ.....	353
Ганиева А., Ананьевская Е., Хасенова Б. ҚАЗАҚ ҚЫСТАУЫНЫҢ ЗАТТЫҚ ТОПТАМАСЫ: АҚМОЛА ӨҢІРІНДЕГІ ДАЛАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР МАТЕРИАЛДАРЫ БОЙЫНША.....	361
Кулагина Е.В., Смағұлов Б.Қ., Болсынбек Т.Н. ОМБЫ ӨЛКЕТАНУШЫСЫ СЕРГЕЙ РОМАНОВИЧ ЛАПТЕВТИҢ ЖОЛ ЕСТЕЛІКТЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ МӘДЕНИЕТІНЕ ҚАТЫСТЫ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ МӘЛІМЕТТЕР.....	370
Рогожинский А.Е., Камалдинов И.Р. ОРТАҒАСЫРЛЫҚ АСПАРА ЖӘНЕ ШАРУАШЫЛЫҚ ҚАЛАЛАРЫ (2021 – 2022 ЖЫЛДАРДАҒЫ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ АЛДЫН-АЛА НӘТИЖЕЛЕРІ).....	384

МЕРЕЙ ЖАС

Алдажуманов Кайдар Сейсембаевұлы – 80 жас.....	393
---	-----

СОДЕРЖАНИЕ

ТЕОРИЯ МЕТОДОЛОГИИ

Б.Б. Бурханов О НЕКОТОРЫХ СПЕЦИФИЧЕСКИХ ЧЕРТАХ ИСЛАМА В СОВЕТСКОЙ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ (ИСТОРИОГРАФИЧЕСКИЙ ОБЗОР).....	4
А.Қ. Кушкумбаев, Т.А. Уалиев ИСТОРИОГРАФИЯ ЭПОСА ЕР ЕДІГЕ ВО II ПОЛОВИНЕ XIX – I ПОЛОВИНЕ XX ВВ.....	15
А.Т. Капаева ТЕОРЕТИКО–МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ПОДХОДЫ К ИЗУЧЕНИЮ ГОЛОДА 1921 – 1922 ГГ. В КАЗАХСТАНЕ.....	27

ИСТОРИЯ

У.М. Агатай ТРАДИЦИОННОЕ ОРУЖИЕ ЛУК В КАЗАХСКОМ ГЕРОИЧЕСКОМ ЭПОСЕ.....	41
А.А. Бекенова КУЛЬТУРА ПРАЗДНОВАНИЯ В ПОВСЕДНЕВНОЙ ЖИЗНИ КРЕСТЬЯН КАЗАХСТАНА В ПОСЛЕВОЕННОЕ ДЕСЯТИЛЕТИЕ (1945-1955).....	56
Н.К. Дуйсенова, Б.Қ. Смагулов НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ РАЗВИТИЯ МУЗЕЙНОЙ СФЕРЫ В КАЗАХСТАНЕ В 1930-Х – 1950-Х ГГ.....	70
Р. Закарья ПРЕДПОСЫЛКИ МИГРАЦИИ В СССР ЕВРОПЕЙСКИХ МИГРАНТОВ, А ТАКЖЕ ИХ ОСНОВНЫЕ КАТЕГОРИИ.....	81
Г.К. Кокебаева, С.К. Шилдебай, Е.И. Стамшалов ЧИМКЕНТСКОЕ ВОССТАНИЕ 1967 ГОДА.....	98
И.В. Крупко СЕМИОЗИС ОБРАЗА И НАРРАТИВА ОТРАРСКОЙ БИБЛИОТЕКИ: В ПОИСКАХ УТРАЧЕННОГО ПРОСВЕЩЕНИЯ.....	112
А.Д. Куникеев, Н.Ы. Жетписбай ВОССТАНИЕ ПОД РУКОВОДСТВОМ ЖОЛАМАНА ТЛЕНШИЕВА (1822-1840).....	126
М. Калыбекова ПРОБЛЕМЫ РАЗРУШЕНИЯ НАЦИОНАЛЬНОЙ ИДЕНТИЧНОСТИ В 30-50-Е ГОДЫ XX ВЕКА.....	138
Д.Б. Касымова КАК «УХОДИЛИ» СО СВОИХ ПОСТОВ Ж. ШАЯХМЕТОВ И Д. КУНАЕВ: ОБЩЕЕ И ОСОБЕННОЕ.....	151
М.М. Козыбаева	

СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ КОЛХОЗОВ КАЗАХСТАНА В ПОСЛЕВОЕННЫЙ ПЕРИОД (1946-1953).....	163
О.Б. Қуанбай КУЛСАРЫ БАТЫР – ДИПЛОМАТ, ГОСУДАРСТВЕННЫЙ И ОБЩЕСТВЕННЫЙ ДЕЯТЕЛЬ (1715-1776).....	172
А.И. Кудайбергенова, С.Н. Мамытова, Р.Д. Кубеев ИЗ АРХИВНЫХ ДАННЫХ О ПРЕБЫВАНИИ КАЗАХСКИХ ГОЛОДОБЕЖЕНЦЕВ НА МЕСТАХ ОТКОЧЕВКИ (1931-1933).....	185
Г.К. Муканова, З.Б. Байжуманова ЛЕКЦИЯ ПО «БЕХАИЗМУ», РЕДАКТОР БУКЕЙХАНОВ И «ПИСАНИЕ УЧЕБНИКОВ» СМАГУЛОМ САДВОКАСОВЫМ.....	196
Л.Н. Нурсултанова, А.Е. Еркін ПОЛИТИКО – ЭКОНОМИЧЕСКОЕ СОТРУДНИЧЕСТВО КАЗАХСТАНА И БЛИЖНЕГО ВОСТОКА: ИСТОРИКО – ХРОНОЛОГИЧЕСКИЙ АСПЕКТ.....	206
Р.Е. Оразов, М.Р. Сатенова АХМЕТ БАЙТУРСЫНОВ И КАЗАХСКОЕ ОБЩЕСТВО.....	217
Н.М. Оспанов ПОЛИТИКА СОВЕТСКОГО СОЮЗА В ООН В ОТНОШЕНИИ ПРОБЛЕМЫ РЕПАТРИАЦИИ ВОЕННОПЛЕННЫХ.....	228
Ж. Ошан ЧАСТИЧНАЯ ИНФОРМАЦИЯ ОБ ЭЛЬТЕРИС-ХАНЕ В КИТАЙСКИХ ИСТОЧНИКАХ.....	238
С.Р. Сарманова, М.М. Козыбаева, Х.Б. Маслов АЛИХАН БУКЕЙХАН И ВОПРОСЫ РАЗВИТИЯ ЭТНИЧЕСКОЙ ИДЕНТИЧНОСТИ КАЗАХОВ.....	249
А. Сманова НАУЧНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ И ФОРМИРОВАНИЕ МИРОВОЗЗРЕНЧЕСКИХ УСТАНОВОК АХМЕТА ЗАКИ ВАЛИДИ.....	257
И.Н. Стась, Ж.Е. Нурбаев, М.М. Козыбаева ИЗ ИСТОРИИ ХРАМОВОГО СТРОИТЕЛЬСТВА В Г. АКМОЛИНСК ВО ВТОРОЙ ПОЛОВИНЕ XIX – НАЧАЛЕ XX ВЕКОВ (АРХИТЕКТУРНЫЙ АНАЛИЗ НА МАТЕРИАЛАХ ФОТОДОКУМЕНТОВ).....	266
Ш.Б. Тілеубаев, С.Г. Белоус, Н.Н. Курманалина, А.Н. Конкабаева ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ОБЩЕСТВЕННЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ И НАЦИОНАЛЬНОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ ПО ОРГАНИЗАЦИИ МУЗЕЙНОГО ДЕЛА В НАЧАЛЕ XX ВЕКА.....	277
Х.М. Турсун, С.Т. Шаметов, М.С. Исаев ОБЩИЕ ЧЕРТЫ В СТРОИТЕЛЬСТВЕ И ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ИСЛАМСКИХ И ХРИСТИАНСКИХ ПОДЗЕМНЫХ МОЛИТВЕННЫХ МЕСТ.....	289

Ханна Матт

ГЛОБАЛЬНЫЙ ФЕНОМЕН ВОЕННОГО ПЛЕНА
В ПЕРИОД ПЕРВОЙ МИРОВОЙ ВОЙНЫ: ОПЫТ ТУРКЕСТАНА (1914 – 1916).....301

К.В. Черепанов С.Е. Ажигали, Б.А. Ашим

НЕКОТОРЫЕ РЕЗУЛЬТАТЫ ИССЛЕДОВАНИЙ ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ
КОМПЛЕКСНОЙ ЭТНОГРАФО-ЭТНОАРХЕОЛОГИЧЕСКОЙ
ЭКСПЕДИЦИИ 2021 ГОДА В ХОБДИНСКОМ РЕГИОНЕ.....314

А.С. Шакиева

ИССЛЕДОВАНИЕ УЛУСА ДЖУЧИ В ИСТОРИИ ОТЕЧЕСТВА:
СОВЕТСКИЙ ПЕРИОД И СОВРЕМЕННАЯ ИСТОРИЯ (СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ).....329

Г.А. Шотанова, Е.М. Ужкенов, А.К. Жумадил КАЗАХИ БУКЕЕВСКОЙ ОРДЫ:

НАЧАЛО МОДЕРНИЗАЦИИ ТРАДИЦИОННОГО ОБЩЕСТВА.....340

АНТРОПОЛОГИЯ

С.Е.Ажигали, Б.А. Ашим

НЕКОТОРЫЕ РЕЗУЛЬТАТЫ ИССЛЕДОВАНИЙ ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ КОМПЛЕКСНОЙ
ЭТНОГРАФО-ЭТНОАРХЕОЛОГИЧЕСКОЙ ЭКСПЕДИЦИИ 2021 ГОДА В ХОБДИНСКОМ
РЕГИОНЕ.....353

А. Ганиева, Е. Ананьевская, Б. Хасенова

ПРЕДМЕТНАЯ КОЛЛЕКЦИЯ КАЗАХСКОГО КЫСТАУ:
ПО МАТЕРИАЛАМ ПОЛЕВЫХ ИССЛЕДОВАНИЙ В АКМОЛИНСКОМ ПРИИШИМЬЕ.....361

Е.В. Кулагина, Б.Қ. Смагулов, Т.Н. Болсынбек

ЭТНОГРАФИЧЕСКИЕ МАТЕРИАЛЫ ПО ТРАДИЦИОННОЙ КУЛЬТУРЕ КАЗАХОВ
В ПОЛЕВЫХ ЗАМЕТКАХ ОМСКОГО КРАЕВЕДА СЕРГЕЯ РОМАНОВИЧА ЛАПТЕВА.....370

А.Е. Рогожинский, И.Р. Камалдинов

СРЕДНЕВЕКОВЫЕ ГОРОДИЩА АСПАРА И ШАРУАШЫЛЫК
(ПРЕДВАРИТЕЛЬНОЕ РЕЗУЛЬТАТЫ ИССЛЕДОВАНИЙ В 2021 – 2022).....384

ЮБИЛЕЙ

Алдажуманов Кайдар Сейсембаевич – 80 лет.....393

CONTENTS

THEORY OF METHODOLOGY

B.B. Burkhanov ON SOME SPECIFIC FEATURES OF ISLAM IN SOVIET CENTRAL ASIA (HISTORIOGRAPHICAL REVIEW).....	4
A.K. Kushkumbayev, T.A. Ualiyev HISTORIOGRAPHY OF YER YEDIGE EPIC IN 2 ND HALF OF 19 – 1 ST HALF OF 20 CC.....	15
A.T. Капаева THEORETICAL AND METHODOLOGICAL APPROACHES TO THE STUDY OF THE FAMINE OF 1921–1922. IN KAZAKHSTAN.....	27

HISTORY

O.M. Agatay A BOW AS A TRADITIONAL WEAPON IN THE HEROIC EPICS OF THE KAZAKHS.....	41
A.A. Bekenova CULTURE OF CELEBRATION IN THE EVERYDAY LIFE OF THE PEASANTS OF KAZAKHSTAN IN THE POST-WAR DECADE (1945-1955).....	56
N.K. Düisenova, B.Q. Smagulov SOME ASPECTS OF THE DEVELOPMENT OF THE MUSEUM SPHERE IN KAZAKHSTAN IN THE 1930S – 1950S.....	70
R. Zakarya PREREQUISITES FOR MIGRATION OF EUROPEAN MIGRANTS TO THE USSR, AS WELL AS THEIR MAIN CATEGORIES.....	81
G.K. Kokebayeva, S.K. Shildebai, E.I. Stamshalov SHYMKENT UPRISING OF 1967.....	98
I.V. Krupko SEMIOSIS OF THE IMAGE AND NARRATIVE OF THE OTRAR LIBRARY: IN SEARCH OF THE LOST ENLIGHTENMENT.....	112
A.D. Kunikeev, N.N. Zhetpisbay THE UPRISING LED BY ZHOLAMAN TLENSHIEV (1822 –1840).....	126
M. Kalybekova PROBLEMS OF THE DESTRUCTION OF NATIONAL IDENTITY IN THE 30-50s XX CENTURY.....	138

D. Kassymova HOW Z. SHAYAKHMETOV AND D. KUNAYEV LEFT THEIR POSTS: COMMON AND PARTICULAR.....	151
M.M. Kozybayeva SOCIO-ECONOMIC DEVELOPMENT OF THE COLLECTIVE FARMS OF KAZAKHSTAN IN THE POST-WAR PERIOD (1946 – 1953).....	163
O. Kuanbay KULSARY BATYR – DIPLOMAT, STATE AND PUBLIC ACTOR (1715 – 1776).....	172
A.I. Kudaibergenova, S.N. Mamytova, R.D. Kubeyev FROM ARCHIVAL DATA ON THE STAY OF THE KAZAKH FAMINE REFUGEES IN THE MIGRATION DESTINATIONS (1931 – 1933).....	185
G.K. Mukanova, Z.B. Baizhumanova LECTURE ON "BEHAISM", EDITOR BUKEIKHANOV AND "WRITING TEXTBOOKS" BY SMAGUL SADVOKASOV.....	196
L.N. Nursultanova, A.E. Erkin POLITICAL AND ECONOMIC COOPERATION OF KAZAKHSTAN AND THE MIDDLE EAST: HISTORICAL AND CHRONOLOGICAL ASPECT.....	206
R.E. Orazov, M.R. Satenova AKHMET BAITURSYNOV AND KAZAKH SOCIETY.....	217
N.M. Ospanov THE POLICY OF THE SOVIET UNION IN THE UN WITH RESPECT TO THE PROBLEM OF REPATRIATION OF PRISONERS OF WAR.....	228
Zh. Oshan PARTIAL INFORMATION ABOUT ELTERIS KHAN IN CHINESE SOURCES.....	238
S.R. Sarmanova, M.M. Kozybayeva, K.B. Maslov ALIKHAN BUKEIKHAN AND THE DEVELOPMENT OF THE ETHNIC IDENTITY OF THE KAZAKHS.....	249
A. Smanova SCIENTIFIC ACTIVITY AND FORMATION OF THE WORLDVIEW OF AKHMET ZAKI UALIDI.....	257
I.N. Stas, Zh.Y. Nurbayev, M.M. Kozybayeva FROM THE HISTORY OF TEMPLE CONSTRUCTION IN AKMOLINSK IN THE SECOND HALF OF THE 19 TH – EARLY 20 TH CENTURIES (ARCHITECTURAL ANALYSIS ON THE MATERIALS OF PHOTOGRAPHIC DOCUMENTS).....	266
Sh.B. Tleubayev, S.G. Belous, N.N. Kurmanalina, A.N. Konkabayeva ACTIVITIES OF PUBLIC ORGANIZATIONS AND NATIONAL INTELLIGENTIA ON THE ORGANIZATION OF MUSEUM BUSINESS IN THE BEGINNING OF THE XX CENTURY.....	277
H.M. Tursun, S.T. Shametov, M.S. Isaev COMMON FEATURES IN THE CONSTRUCTION AND OPERATION OF ISLAMIC AND CHRISTIAN UNDERGROUND PRAYER PLACES.....	289

Hanna Matt

GLOBAL CAPTIVITY IN THE FIRST WORLD WAR:
PRISONERS OF WAR IN TURKESTAN, 1914 – 1916.....301

K. Cherepanov

THE ROLE OF D. A. KUNAEV IN SHAPING THE CAPITAL IMAGE OF ALMATY.....314

A. Shakiyeva

THE STUDY OF THE JOCHI ULUS IN THE HISTORY OF THE FATHERLAND:
THE SOVIET PERIOD AND MODERN HISTORY (COMPARATIVE ANALYSIS).....329

G.A. Shotanova, E.M. Uzhkenov, A.K. Zhumadil

KAZAKHS OF THE BUKEY HORDE: THE BEGINNING
OF MODERNIZATION OF TRADITIONAL SOCIETY.....340

ANTHROPOLOGY

S.E. Azhigali, B.A. Ashim

SOME RESEARCH RESULTS OF THE WEST KAZAKHSTAN INTEGRATED ETHNOGRAPHIC AND
ETHNOARCHAEOLOGICAL EXPEDITION IN 2021 IN THE KHOBDA REGION.....353

A. Ganieva, E. Ananyevskaya, B. Khassenova

COLLECTION OF FINDS OF THE SETTLEMENT OF BOZOK II IN THE NORTHERN
SARYARKA.....361

Y.V. Kulagina, B.Q. Smagulov, T.N. Bolsynbek

SOME ASPECTS OF THE DEVELOPMENT OF THE MUSEUM
SPHERE IN KAZAKHSTAN IN THE 1930S – 1950S.....370

A.E. Rogozhinsky, I.R. Kamaldinov

MEDIEVAL CITY-SITES ASPARA AND SHARUASHYLYK
(PRELIMINARY RESULTS OF RESEARCH IN 2021 – 2022).....384

ANNIVERSARY

Aldazhumanov Kaidar Seisembayevich – 80 years old.....393

Редакцияның мекен-жайы:

050010, Қазақстан Республикасы
Алматы қ., Шевченко көш., 28,
ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
«edu.e-history.kz» журналының редакциясы
Телефон: +7 (727) 261-67-19
E-mail: edu.history@bk.ru
Электрондық мекен-жайы: www.edu.e-history.kz

Журнал 2013 жылдан бастап шығады.

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2014 ж. 29 қазанында тіркеліп, № 14602-ИА куәлігіне ие болды.